# SARYARQA

12 aqpan 2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№6 (8218)



AINA — ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАРЫ – ЖҮРСІН АҚЫН — 3-бет

QOĞAM — ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ — 4-бет

RESMI — ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ — 5-бет

ÁR TARAPTAN — КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫ және ЖҮКТІЛІК — 8-бет


15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 32 ЖЫЛ

## ОҚ пен ОТТЫҢ АСТЫНДА

*темір тұлпар тізгіндеген*

***Он жылға созылған ауған қасіреті аяқталса да, жүректегі жазылмас жара әлі де сыздап, жадымызда жаңғырып тұр. Өйткені, оқ пен оттың ортасында интернационалдық борышын өтеген жас сарбаздардың қатарында қазақ даласының мыңдаған ұлы болды. Олар біреудің бауыр еті баласы, енді бірінің ағасы, тағы бірінің жолдасы, әкесі еді. Сондықтан, жыл, тіпті ғасыр өтсін, 1979-1989 жылдардың ол соғыс мәңгі естен өшпейді.***

Қазақстаннан бұл соғысқа 22296 адам аттанған. Солардың ішінде 924 жауынгер қаза тапса, 21-і хабар-ошарсыз кеткен, 1600-ы мүгедек атанған. Жезқазған аймағынан 117 жігіт ауған жерінде борышын өтесе, бүгінде олардың 86-сы ортамызда. Жыл сайын қатары сиреп бара жатқан ауған соғысы ардагерлерінің есімі елге оралмай, ерлікпен қаза тапқан Асылбек Мамажанов, Виктор Тарадай, Олег Морозов, Ғибадат Құттыбаев пен Манарбек Сансызбаевтармен бірге ел тарихының беттерінде алтын әріптермен жазылуда.

Бүгінгі біз ой қозғалы отырған **Бекен Бұқарбаев** та – ерліктің нағыз үлгісін көрсеткен, жалындаған жастық жағының екі жылын ауған асуында өткізген батырлардың бірі. Отан үшін отқа түсіп, жанын қиюға даяр болған Бекен Сламғалиұлы бүгінгідей бейбіт заманның куәгері болғанына шүкірлік етіп, өткенмен өмір сүргенді ұнатпайды.

– Ауғанстан жерінде әскери борышымды өтегенім рас. Жерлестерім Марат Қазкенов, Төрехан Базылбеков пен Берік Әлібаев, Бақытжан Кенжахметовпен бірге болдық. Бірақ, өмір үшін арпалысқа түскен сол сәтті есіме алғым жоқ. Сол бір екі жылдың ұшы-қиыры жоқ секілді көрінетін. Бір тілегіміз елге аман оралу болды, – деп әңгімесін бастаған ардагер Жезді қалашығының тумасы екен. Мектеп бітірген жылы еңбекке араласып, Жездідегі үйлердің бой көтеруіне үлесін қосқан. Араға бір жыл салған соң әскерге шақырылған ол алғашқыда бес ай бойы Әзірбайжандағы Таулы Қарабақ автономды округінде оқу-жаттығудан өтеді. Соғыс техникасын меңгеріп, қару-жарақ түрлерін мақсатты пайдалануға әбден машықтанған соң Ауғанстанның Герат кишлагына жөнелтіледі. Мотоатқыштар дивизиясының сапер батальонында «Урал 43-20» көлігін тізгіндеген Бекен аға Гераттан Шындантқа, Адрасканға бағыт алған колоннаның аман-есен жетуіне жауапты еді.

– Оқ-дәрі, азық-түлік пен дәрі-дәрмек тиелген жүк көліктері мен жауынгерлерді діттеген жерге жеткізу үшін бір күн бойы жүретін едік. Әскери бөлімдердің арасы – шамамен 20 шақырым.

►► 3-бетте

## КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТЕТІН БОЛДЫ

***«Жезқазғанға газ келді, көгілдір отын жағатын күн алыс емес» деген сыңайда ақпарат таратып, әңгіме көтерегелі де екі жылдай уақыт болып қалыпты. Алайда, бүгінге дейін газды үйдің ішіне дейін тартып, маздатып жағып отырған ешкім жоқ. Бірнеше кезеңнен тұратын бұл маңызды жоба бойынша қаланың Бөгенбай батыр (Станция маңы) шағын ауданы мен Талап ауылындағы газ құбырының алғашқы іске қосу кешенінің құрылысы аяқталған болатын. Осыған орай тұрғындар тарапынан: «2020 жылдан бастап газ жағасыздар деп едің, көгілдір отын үйімізге қашан келеді? Құбыры іргеге дейін келіп тұр, үйге қойылатын қондырғыларының құны қанша тұрады? Газды тұтынған жағдайда бұл салаға қызмет көрсететін жергілікті мамандар бар ма?» деген тұрғыдағы сауалдар көптеп көтерілуде. Біз мәселенің мәнісіне тағы бір үңіліп көруді ниет еткен едік. Осыған байланысты қала әкімінің баспасөз қызметі көпшілік назарына ұсыну үшін бұл мәселе төңірегінде жан-жақты***

Елбасының Бес әлеуметтік бастамасындағы елді-мекендерді газдандыру жөніндегі тапсырмасына орай «Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысының ойдағыдай жүзеге асуы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңындағы көмақты тарту екені сөзсіз. Қызылорда аймағынан Елордаға дейін жеткен жалпы қашықтығы 1136 шақырымды құрайтын көгілдір отын құбырының 26 шақырымы Жезқазған қаласының аумағынан өтеді. Жобаның бізге қатысты бөлігінің жалпы құны 15 млрд. теңгеге жуық. Жақында қала әкімі Қайрат Әбсаттаров тұрғындар алдындағы есебінде газдандыруға қатысты мәселеге де нақты тоқталып өтті. Қала басшысы атап өткеніндей, бүгінде «КАТЭК» жобалау-зерттеу компаниясы Жезқазғанды көгілдір отынмен қамтамасыз ету жөніндегі жобалық-сметалық құжаттарға қатысты жұмыстарын толықтай аяқтаған. Енді соның негізінде 3,5 мың жеке, 14 көпқабатты тұрғын үйлерді және 2 ірі кәсіпорынды (мыс қорыту және «Казкат» зауыттары) газға қосу жоспарланып отыр. Жалпы қаладағы газға қосу жобасы үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде Талап ауылын, Бөгенбай батыр (Пристанционный) мен Қабанбай батыр (Геология) ықшам аудандарын газдандыру көзделген болатын. Алғашқы екі елді-мекен бойынша белгіленген жұмыстар толық аяқталды. Биылғы жылы Қабанбай батыр елді-мекеніне газ тарту жұмыстары жүргізілмекші. Қазірде оның құрылыс-монтаж жұмыстары мен орамішілік желілерін тартуға байланысты мердігерді анықтау үшін конкурс жариланады. Одан кейінгі кезекте Бекболатсай (Рыбачий) мен Қостанкелді (Комбинатский) ықшам аудандары тұр. Сондай-ақ, облыстық энергетикалық және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ұлантай Үсеновтің айтуы бойынша жалпы Жезқазған қаласы бойынша 4562 үйді (14831 тұтынушы) газдандыру жоспарлануда. Олар жылына 141,7 млн. текше метр газ тұтынатын болады. Жобаны толықтай жүзеге асыру мерзімі 2026 жылдың аяғына дейін деп белгіленген.

►► 3-бетте

COVID-19

## ҚАУІП СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

***Коронавирус індеті қайта белең алып, қауіп күшейген кезеңдегі ахуал кім-кімді болмасын алаңдататыны белгілі. Соған сай Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат РАНОВА әлеуметтік желілерде тікелей эфирге шығып, тұрғындар сауалына жауап берді.***

– Бүгінгі таңда қаладағы эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің бастамасымен салынған 200 орынға шақталған инфекциялық орталық жұмыс істеп тұр. Қазір онда 51 науқас ем алуда. Оның 45-інде вирус расталды. Оларға 26 қарағандылық дәрігер барлық қажетті ем-домды көрсетуде, – деген Ләззат Ранова сапалы әрі жедел ем көрсетуде жезқазғандық дәрігерлер де бар күштерін салып жатқанын жеткізді.

Аймақтың бас дәрігерінің айтуынша, қазіргі уақытта дәрі-дәрмек тапшылығы жоқ. Қос қала бойынша жалпы індетке шалдыққандарға арналып 920 орын әзірленген. Оның 200-і – инфекциялық стационарда, 350-і – көпбейінді ауруханада, ал қалғаны – Сәтбаев қаласындағы ем көрсету орталықтарында. Аймақ бойынша 5 томограф, 35 өкпені жасанды желдету аппараты, 4 цифрлы рентген, 335 оттегі концентраты және 397 пульсоксиметр бар.

Тікелей эфир барысында тұрғындар аса қызығушылық танытқан мәселе – вакцина салу үдерісі. «Мектеп мұғалімдері мен балалабақша тәрбиешілеріне екпе салу міндетті ме?» деген сұраққа Ләззат Нәбиқызы тұрғындардың вакцина салу-салмауы өз еріктерінде екенін, оған байланысты мәжбүрлі жұмыстар жүргізілмейтінін айтты. Дегенмен созылмалы ауруға шалдыққан, иммунитеті төмен жандарға екпе салу маңыздылығын еске салды.

Сондай-ақ бұрын короновирусқа шалдыққан науқастар бойында антидене 4-5 ай аралығында ғана болатынынан хабардар еткен ол аурудың алдын алудың бірден-бір жолы вакцина салдыру екенін атап өтті.

Жезқазғандық аналарды қалалық перзентхананың көпбейінді аурухана ғимаратына ауыстырылуы да алаңдатады. «Перзентхана ғимараты бөлек болуы керек» деген ұсынысқа Ләззат Ранова:

– Әрине, сәбидің алғашқы мекеніне айналар орынның басқа науқастар орталығынан бөлек болғаны дұрыс көрінуі мүмкін. Дегенмен бұл шешім әлем елдеріндегі оң нәтиже берген тәжірибелерге сүйене отырып жүзеге асқалы отыр. Себебі, ана мен бала өміріне қажетті барлық соңғы үлгідегі медициналық аппараттар қалалық көпбейінді аурухана базасында шоғырланған. Босану кезінде ананы құтқарып қалу – өте күрделі іс. Оны ауруханаға жеткізу үшін кем дегенде 15 минут уақыт кетеді. Түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Мысалы, қан кеткен ананың халі 15 минутқа шыдамауы немесе күрт нашарлап кетуі мүмкін. Осындайда перзентхананың аурухана ішінде орналасуы қолайлы. Осы мақсатта облыстық бюджеттен жеткілікті қаражат бөлінді. Жөндеу және қажетті құрылғыларды сатып алу жұмыстары осы жылдың күз айларында толық аяқталады деп күтілуде, – деген ол келер жылы кадр тапшылығы мәселесін шешу мақсатында Жезқазғанға жас мамандар да көптеп тартылатынын жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




БӘРЕКЕЛДІ!

## ЖАСТАР ЖАРАДЫ

***Түрлі бәйгелерде оза шауып, алдыңғы орындардан көрініп жүрген жезқазғандық жас боксшылар мықтылықтарын тағы да дәлелдеді. 2005-2007 жылы туған жасөспірімдер арасында Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында бұған дейін де жеңіс тұғырынан көрініп жүрген Анита Адишова 48 келі салмақ дәрежесінде алтын медальға қол жеткізсе, Мадина Ерәлиева 60 келі салмақ дәрежесінде II орынға ие болды.***

Жігіттер жағы да жүлдеден кенде емес. 9 ақпанда бокстан 2005-2006 жылы туған жасөспірімдер арасында Ақтөбе қаласында ұйымдастырылған ел чемпионатында Дамир Байпақов пен Мадияр Отар да күміс жүлдені қанжығаларына байлады.

Жеңімпаздарын асыға тосқан Жезқазған жұрты жас спортшыларды зор қуанышпен қарсы алды. Келесі күні «Металлург» спорт кешенінде БАҚ өкілдерімен кездескен жас былғары қолғап шеберлері жеңісті жолдары туралы кеңінен тарқатты.

– Менің өмірімде Жезқазған қалалық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебінің алар орны айрықша. Алматы қаласында өткен бұл жарысқа құрбым Мадина екеуміз үлкен сенім артып шығарып салған ұстаздарыма алғысымды білдіремін. Төрт қарсыласымның барлығы да осал емес. Бірақ мен бапкерім Айдар Сайдалинның еңбегі мен жөн сілтеуінің арқасында жеңіп шықтым. Қазіргі таңда дене тәрбиесі мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Болашақта олимпиада ойындарының жеңімпазы атанып, еліміздің көк туын биіктен желбірету – арманым. Алда әлі талай додалар бар. Қазір қызу дайындық үстіндемін, – деген Анита бағындырар белестері әлі алда екенін жеткізді.

**Өз тілшіміз**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## «NUR OTAN» БІР АЙДА 569 КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕНІ БАҚЫЛАУҒА АЛДЫ

***«Nur Otan» партиясы сайлаудан кейінгі бір ай ішінде партиялық бақылау комиссиясының 233 отырысын өткізіп, онда 569 мәселе қаралды. Атап айтқанда, жалақының уақтылы төленбеуі, судың жоқтығы, жылыту және көшелерді жарықтандыруға қатысты шағымдар, жаяу жүргінші өткелі мен пандустар салу туралы ұсыныстар және тағы да басқа мәселелер бар.***

«Nur Otan» партиясы баспасөз қызметінің мәліметінше, аталған жұмыс Елбасы, Партия Лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес жүргізілуде.

– Мәселен, Ақтауда «Nur Otan» Партиялық бақылау комиссиясы қала тұрғындарының жаяу жүргіншілер өткелін жарықтандыруға қатысты өтініштерін тексерді. Тексеру барысында 183 өткелдің тек 8-і ғана жарықтандырылғаны анықталды. Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Е.Ізбергенов пен қалалық көлік және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ж.Құбашев тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Қала әкімдігіне 2021 жылдың 1 шілдесіне дейін 175 жаяу жүргіншілер өткелін жарықтандыру жұмыстарын аяқтау ұсынылды. Қазіргі уақытта жаяу жүргіншілер өткеліне жарық орнату жұмыстары басталып та кетті, – делінген хабарламада.

Павлодар облысының Ақсу қаласында «Nur Otan» партиясының өкілдері аз қамтылған көпбалалы отбасыларға арнап салынған үйлерді қарап шықты. Тексеру қорытындысы бойынша 27 үйдің бірінде ақау бары анықталды. Қала әкімдігіне ақпан айының соңына дейін аталған тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізу ұсынылды.

Алматы қаласында Партиялық бақылау комиссиясы «Афина Паллада» ЖШС қызметкерлерінің жалақысын уақытылы ала алмауына қатысты шағымы бойынша тексеру жүргізді. Тексеру барысында 2020 жылдың қыркүйегінен бастап серіктестіктің қызметкерлер алдындағы қарызы 25 млн теңгеден асатыны анықталды. Бұл мәселеге партия араласқаннан кейін жұмысшылар алдындағы қарыз толық өтелді.

Қарағанды облысында мүгедектер арбасындағы ер адамның пандустың жоқтығынан «Қазпошта» бөлімшесіне кіре алмайғаны қоғамда қызу талқыланған еді. Осы жағдайдан кейін облыстық комиссия пошта желісінің барлық филиалдарында ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін ыңғайлы көтерілетін орынның бар-жоғын тексеру туралы шешім қабылдады.

«Nur Otan» партиясының баспасөз қызметінде атап өткендей, өткен жылы Партиялық бақылау комитеті мен комиссиялары жеке және заңды тұлғалардың 1150 өтінішін қарап, 100-ден астам резонанстық мәселе шешімін тапты. Орталық және жергілікті атқарушы органдарға 220-дан астам ұсыным енгізді. 2020 жылы 400-ден астам адам партиялық жауапкершілікке тартылды, олардың қатарында бірқатар вице-министрлер, өңір әкімдерінің орынбасарлары, мәслихаттардағы фракция басшылары және т.б. бар. Олардың ішінде партия Жарғысына сай келмейтін әрекеттері үшін 100-ден астам адам «Nur Otan-ның» қатарынан шығарылды.

## «ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫНЫҢ» НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

***Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының басқарма төрайымы Лима Диас бүгін басталған «Қайырымды істер марафонының» негізгі бағыттары туралы айтты.***

«Қайырымды істер» марафоны аясында қандай қадамдар қамтылып отыр? Біріншіден, мемлекет пен бизнестің, еріктілердің әрі азаматтардың ынтымақтастығы мен серіктестігінің қолдауын білдіреді.

– «Қайырымды істер марафоны» жомарттық мен жақсылықтың идеясы негізіндегі қоғамды құруға ұмтылады. Марафонның тетігі меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар және қарапайым азаматтар тап болатын басты мәселелерге жауап береді, – деді Лима Диас аталған марафонның ашылуына арналған жиында.

Оның айтуынша, «Қайырымды істер марафоны» көмек пен қолдаудың айқын құрылымын құруға негізделеді. Аталған марафонның ұйымдастыру комитеті әдістемелік, ақпараттық, түсіндіру және ұйымдастыру көмегін іске асырады. Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы ұйымдастыру комитеті қадамдарын үйлестіретін болады.

– Ұйымдастыру комитеті марафон ұранымен мемлекеттік органдар, корпоративті бизнес-сектор мен ҮЕҰ тарапынан бастама ретінде ұсынылатын барлық ақпарат пен іс-шараларды қамтитын болады. Осы орайда бірыңғай ақапарттық кеңістік құрылады, онда түрлі санаттардағы (донор, қайырымдылық ұйымы, ерікті) марафон қатысушылары тіркеле алады, – деді Л. Диас.

Сәрсенбі күні елордада донорлар мен меценаттардың қатысуымен «Қайырымды істер марафоны» басталды.

Айта кетейік, «Қайырымды істер марафоны» бастамасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген болатын.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ӨТІНІМДІ ОНЛАЙН ЖІБЕРУГЕ БОЛАДЫ

***Мемлекеттік қызметке үміткерлер өтінімдерді интернет арқылы бере алады. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Анар Жайылғанова айтып берді.***

Спикердің айтуынша, үміткерлер интернет арқылы өтінім бере алатын «Мемлекеттік қызметке қабылдау» порталы үшін iqyzmet.gov.kz домендік атауы алынған. «Мемлекеттік қызметке қабылдау» процесі пилоттық сынақтан өтіп жатыр. Жаңғыртылған процестерді іске асыру нәтижесінде бірқатар нәтижелер күтілуде: мемлекеттік органдардағы барлық кадрлық процестерді оңтайландыру және автоматтандыру, мемлекеттік қызметшінің жұмысына қолайлы жағдай жасау, кадрлық іс жүргізу аясында қалыптасатын барлық құжаттарды электронды форматқа көшіру (немесе автоматтандыру есебінен кейбір құжаттарды құрудан бас тарту), қызметкерлерді басқару процесін бақылау, – деді А. Жайылғанова ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің алқа отырысында.

## МАСКА ШЕШУГЕ ҚАШАН РҰҚСАТ БЕРІЛЕДІ?

***ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн брифинг барысында Денсаулық сақтау вице-министрі Ажар Ғиният қандай жағдайда маска тақпауға рұқсат берілетінін айтты.***



– Ұжымдық иммунитет қалыптаспай, халықтың 60 пайызы вакцина салдырмай, маска шешуге болмайды, – деп жауап берді ол.

Еске салайық, Қазақстанда 1 ақпанда коронавирусқа қарсы вакцина басталған болатын. 10 ақпандағы жағдай бойынша 13 301 медицина қызметкері вакцина салдырған.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой вакцинацияны бірінші болып инфекциялық стационар, жедел медициналық көмек, сондай-ақ КВИ-мен сырқаттанудың жоғары қаупі бар басқа да бейіндегі медицина қызметкерлері алатынын, одан кейін қатарға педагог, күш құрылымдарының қызметкерлері қосылатынын айтты.

# ДЕПУТАТ ЖЕКЕМЕНШІК БАЛАБАҚШАЛАРДАҒЫ ПЕДАГОГТЕР ЖАЛАҚЫСЫНЫҢ ТӨМЕНДІГІНЕ АЛАҢДАУЛЫ

***Парламент Мәжілісінің депутаты Дариға Назарбаева балабақша тәрбиешілері мәселесіне қатысты Үкімет басшысы Асқар Маминнің атына депутаттық сауал жолдады.***



Мектепке дейінгі жекеменшік мекемелер желісінің кеңеюі қоғамдағы шиеленісті бәсеңдетіп, балабақшалардағы бос орын мәселесінің өзектілігін төмендетті. Аталған жекеменшік иелері өз қаражаттарына ғиматты сатып алып, оның жөндеу жұмыстарын жасайды, соның нәтижесінде мемлекет қазынасы қомақты қаражатты үнемдеп, салық салынатын негіз көзі артады. Жаңа жұмыс орындары ашылып, азаматтарымыз сапалы қызмет алады. Сол себепті мемлекет пен қоғамға аталған саланың маңыздылығы ерекше бөлек. Аталмыш саланың одан әрі дамуы мемлекеттің тұрақты қамқорлығын талап етеді. Бізді білім саласындағы шешімін таппаған және өзекті мәселе болып саналатын мемлекеттік тапсырыс аясында қаржыландырылатын жекеменшік балабақшалардағы педагогтер жалақысының төмендігі мазалап отыр, – деді депутат.

Оның айтуынша, алдағы 2 жыл ішіндегі мемлекеттік тапсырыста мектепке дейінгі жеке меншік мекемелерде педагогтердің жалақы деңгейін көтеру қарастырылмаған еді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2020 жылдың 20 қазанындағы № 452 бұйрығымен «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 27 қарашасындағы № 597 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кредиттік технологиямен білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру Әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына өзгертулер енгізу арқылы аталған Әдістемеге өзгертулер енгізілген.

Мектепке дейінгі білім беру ісіне байланысты Әдістемеде төмендегі ескерілген:

1. 2019 жылдың 1 қаңтарынан және 1 маусымынан бастап өсуін ескере отырып, лауазымдық жалақыны есептеу барысында коэффиценттердің өсуі;

2. Ресми жалақыға түзету коэффицентін 2020 жылы – 25%, 2021 жылы – 50%, 2022 жылы – 75%, 2023 жылы – 100% мөлшерінде енгізу;

3. Педагогтердің еңбек демалысының ұзақтығын 56 күнтізбелік күнге дейін арттыру.

– Дегенмен, аталған бұйрық жергілікті мекендерде орындалмай отыр. Салдарынан жеке меншік балабақшаларының педагогтері өз еңбектерінің адал төлем ақысын ала алмай отыр. ҚР «Білім туралы» Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-1 тармақшасы және 2 тармағының 7-3 тармақшасына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісіне мемлекеттік тапсырысты бекітеді. Егер де жергілікті бюджетте қаражат тапшылығы жағдайында жан басына қаржыландыру тетігін іске асыру үшін республикалық бюджеттен мақсатты ағымдағы трансферттер есебінен шығындарды өтеу қарастырылған. Қазіргі уақытта әкімдіктер бір балабақша тәрбиеленушісіне жан басына шаққандағы нормативтің мөлшерін ерікті түрде анықтайды, ал бұл белгіленген нормативтің орташа мөлшерінен едәуір төмен. Нәтижесінде жекеменшік балабақшалар мен педагогтер тиісті қаржыны ала алмай отыр. Көптеген мамандар жұмысынан айырылып, мекемелер жабылуда, – деді Д. Назарбаева.

Депутат жоғарыдағыны ескере отырып, облыстардағы мемлекеттік тапсырыстың көлемі қалай қалыптасатыны, жеке қаржыландыру аясында бөлінген қаражат жергілікті атқарушы органдармен іс жүзінде қайда бөлінетіні, жергілікті атқарушы органдардың жеке қаржыландырудың көлемін төмендетуге құқығының бар-жоғы туралы сұрақтарды жолдады.

Аймақтарда мемлекеттік тапсырыстың қалыптасуы мен оның жүзеге асуын кім бақылайды және қалай жүзеге асырады? Жергілікті бюджеттердің жетіспейтін қаражатын республикалық бюджеттен өтеу механизмі қандай?, – деп сұрады Д. Назарбаева Үкімет басшысының атына жолдаған депутаттық сауалында.

# ЦОЙ ҚАНДАЙ ВАКЦИНАНЫ САЛДЫРАТЫНЫН АЙТТЫ

***ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн брифинг барысында неліктен коронавирусқа қарсы ресейлік «Спутник V» вакцинасын емес, отандық вакцинаны салдыратынын түсіндірді.***



– Қазақстанда вакцинацияға рұқсат етілген барлық вакцина тексерілді және қауіпсіз. Қазір ресейлік «Спутник V» вакцинасын министрліктегі, өңірлік Денсаулық сақтау басқармасындағы әріптестеріміз салдырды. Бұл вакцина тиімді әрі қауіпсіз. Ал қазақстандық QazCovid-in вакцинасы әзірленіп жатыр. Оның технологиясы өзгеше. Бұл – инактивтендірілген вакцина. Қазір клиникалық сынақтың үшінші кезеңі жүріп жатыр және біздің қатаң бақылауымызда, – деді Цой.

Министрдің айтуынша, бүгінде үш мың ерікті екпе салдырып үлгерген.

– Вакцина жақсы нәтиже көрсетіп жатыр. Мен Денсаулық сақтау министрі ретінде қазақстандық вакцинаны қолдағым келді. Вакцина шыққан соң Қазақстанда вакцинациялауға ресми түрде рұқсат етілген кезде, алғашқылардың бірі болып отандық вакцина салдырамын, – деді ол.

Айта кетейік, министр бұған дейін елімізде 13 мыңнан астам медицина қызметкері вакцина салдырғанын айтқан болатын.

# БАСЫМ БАҒЫТ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ РЕФОРМАЛАУ

***«Zoom» платформасында Жезқазған қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет: мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігін арттырудың қазіргі заманғы жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онлайн-кездесуге саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметкерлері, сондай-ақ, қалалық мәслихаттың депутаттары қатысты.***



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауының «Мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі» атты бірінші басымдығы аясында облыстық ақпараттық-насихат тобының мүшесі Дархан Мұхан әңгіме өрбітті. Естеріңізде болса, Жолдауының басында Президент елдегі мемлекеттік бағдарламалар мен шенеуніктер санына тоқталды. Ол елдің көлемді емес, халық түсінетін ықшам мемлекеттік бағдарламаларға көшу керегін ескертті. Сонымен қатар, шенеуніктер санын 25 пайызға қысқартуды тапсырды.

«Биыл олардың санын 10 пайызға қысқарту қажет. Келесі жылы тағы 15 пайызға қысқарту керек. Осылайша, шенеуніктерді 25 пайызға қысқарту тапсырмасын 2021 жылы шешіп боламыз» деген Мемлекет басшысы үнемделген қаражат есебінен қалған қызметкерлердің жалақысы арттырылатынын айтты. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметкерлердің еңбекке деген құлшынысын арттырып, жауапкершілігін нығайту мақсатында биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап балдық-факторлық жүйе енгізілетіні Жолдауда қаузалды.

Онлайн кездесуде қалалық мәслихат депутаты Дархан Мұхан мемлекеттік аппаратты реформалау, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамаларға тоқталып, соңғы жылдары жүзеге асып жатқан азаматтық қоғам ұсыныстарын мысал етті. Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі, аймақтардағы қоғамдық кеңестер мен мәслихаттардың мүмкіндігі тілге тиек етілді.

Қалалық әкімдік аппаратының персоналды басқару бөлімінің бас маманы Гүлмира Амангельдиева мемлекеттік қызмет өткеру ережелері мен заңнамадағы соңғы өзгерістерге, мемлекеттік қызметшілердің еңбегін бағалаудың жаңа жүйелеріне кеңінен тоқталды.

Аталған өзгерістерді мемлекеттік қызметтің беделін көтеріп, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орындауға негіз болатынына сенім білдірген жиын қатысушылары мемлекеттік қызмет жүйесін ретке келтіру бойынша өз ұсыныстарын білдіріп жатты.

**Бота ШАЛҚАР**

МЕРЕЙ

# ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАРЫ – ЖҮРСІН АҚЫН



Жыл он екі айдың бәрі де жақсы. Әйтсе де, ақпан айы мен үшін нағыз ақындар айы сияқты көрінеді. Неге десеңіз ақпанның тоғызында Мұқағали Мақатаев дүние есігін ашыпты. Дәл осы күн – Ғалым Жайлыбайдың туған күні. Араға екі-үш күн салып, нақтылап айтсақ ақпанның он екісінде Жүрсін Ерман 70 жасқа келіп тұр. Қазақтың маңдайына біткен ғажап ақындарды сыйлаған бұл ақпанды ақындар айы демегенде не дейсіз?! Қалың ел Мұқағалидың 90 жылдығын дүрілдетіп тойлап жатыр. Ғалымның жырлары жатқа оқылып, жалпақ жұртқа жетуде. Ал 70 жасқа толған Жүрсін Ерман туралы айтылар әңгіме, шертер сыр тіптен көп. Әсіресе, үш жүздің басын қосқан Ұлытауда «Жүрсін ағамыз 70-ке келді» деп желпініп жүрген жастар жетерлік. Шынында да, тұлғасы бөлек, жыры арынды, жаратылысынан дарынды ақынды тек жерлестері ғана емес, тұтас қазақ атын ардақтап, мақтан тұтады. Оған лайық жырлары бар ел қадірлесе қадірлейтіндей өнегелі ісі, өшпес үлгісі қандай?! Өшкенді жағып, жаңартқандай қазақ айтысын өткен ғасырдан жетектеп жеткізгенінің өзі де неге тұрады.

Ұлытаудың заңғарынан Алатауға тіл қатқан Жүрсінді қанша білемін, танимын деген жанның өзі оның бір қырынан бір қыры терең екенін, бір жырынан бір жыры екпіндеп асып түсетінін аңғармайды емес. Сегіз қырлы деген сөздің өзі Жүкеңе аздық ететіндей. Оны өзге емес өз басымнан да айта аламын. Ұлытаудың ұлы болып, Жүрсіннің жырларын іздеп оқитын жанның бірі ретінде оны қанша білдім десем де, мұхиттың жиегінде ғана жүзгендей күй кешемін. Неге десеңіз, мұхиттан да терең ол. Ойы зеңгір көктің де ар жағында. Оның көлеміне де, өлеңіне де ой да, бой да жетпейді. Десе де сонау жылдар елесі көз алдыма келгенде балғын балалық кезде, жұлқынған жігіттік шақта Жүрсіннің қатарластарымыздан жүрісі де, тұрысы да, сөйлеген сөзі, өзі де бөлек екені байқалып-ақ тұратын. Ең алғаш оның жазған жырларын сол кездегі Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінен оқығаным ойға оралады. Бітім-болмысы бөлек, жүрекке жылы тиетін, тілге жеңіл жұп-жұмыр өлеңнің соңында Жүрсін Молдашов деп қол қойылған. Жүрсін ақынның жырлары аудандық газеттің әр нөмірінен сол кездерде көрініп тұрды. Кейінірек Жүрсіннің өзін көрдік. Сөзі жатық жігіттің өзі батыл, шымыр. Тұла бойында қайрат-күш «Ассалаумағалейкум» деп сәлемдескеннің өзінде-ақ салалы саусақтарынан қуатты күш сезілетін. Ашық алақанына айдай әлем сиятындай. Батыл жігіттің күрескенмен күресе алатын, тірескенмен тіресе алатын батырлығы да байқалды. Содан ба, бәлкім, сәлемнің өзін сәндеп беретінбіз. Ондағымыз – өз алақанымызды аяғанымыз шығар. Кейінірек білдік, Жүрсіннің әкесі Молдаш Ұлытау өңіріндегі жамбасы жерге тимеген алып балуанның бірі екен. Кешегі берісі Қажымұқан, әрісі сонау Қобыланды мен Тілеулі батырдан тарайды. Тектіліктің де тамыры тереңде екендігін осыдан-ақ байқай беріңіз. Міне, тұла бойында күші бар, ойында жыры бар жігіт біздің мектептің, Ұлытау 11 жылдық мектебінің, біздің сыныптасымыз Бақытжамалмен бас қосты. Бақытжамал да ажарына көркі сай, сөйлесе сөзі, салса әні таңқалдырар нағыз Ұлытаудың аруы деп мақтанатынбыз. Осылайша Жүрсін ақынмен аралас-құралас күй кештік. Мұның бәрі де біз бүгінгі білетін Жүрсіннің алға басқан әр қадамының сол кездің өзінде-ақ аршынды да алымды болуын қалыптастырғандай. Осы ретте Жүрсіннің ағасы елімізге белгілі, қаламы қарымды журналист Көбейсін Еңсебаев туралы бір ауыз сөз айтудың да қисыны келіп тұр. Көбекең, нақтылап айтқанда Жүкеңнің ағасы ғана емес, қалам ұстатқан, журналистік жолға салған ұстазы да. Жүрсіннің ұстазы Көбекең маған да газеттегі жол өлшеуіш (строкамер) құралымен газет беттеуді үйреткен журналист болып қалыптасуыма жол ашқан жан. Демек, Жүкең екеумізді журналистік жолға салған – Көбейсін Еңсебаев.

Республикалық басылымдарда да Жүрсін жырлары жарық жұлдыздай жарқырай көрінді. Жезқазған теледидарында Жүрсін мен Бақытжамал көрерменнің көзайымына айналды. «Қыран құс биікке самғайды» дегендей, Жүрсін Алматының төрінен жыр оқыды. Оның жырларына қазақтың «осы қалай» деген мықты ақындары ден қойды. Жаңа жырларымен қатарластарын таңқалдырып, аға ақындар да оны мойындады. Бұл жайлы осыдан 20 жыл бұрын Қарағанды қаласында жерлесіміздің 50 жасқа толған тойы республикалық деңгейде аталып өтті. Дүбірлеген айтыс болды. Айтыстың соңында қазылар алқасының құрамындағы қазақтың аймаңдай ақындары Қадыр Мырзаәлі мен Тұманбай Молдағалиев сахна төріне көтерілді. Екеуі де шешіле сөйлеп сала берді. Қазақтың Қадыр ақыны: «Мына Жүрсін Алматыға келіп, ақын-жазушылардың ортасында ой тастады. Еркін жүріп ойқастады. Ай, бір жас келді. Сөмкемізді көтерсе де, қасымызда жүргені жақсы дедік. Жырларын оқыдық. Сүйсіндік. Жыр бәйгесінде Жүрсіннің шаңында қалып қоярмыз-ау деп көңілге алаң кірді. Шынында да, солай болды. Бүгін, міне, біз Тұманбай екеуміз осы Жүрсіннің соңынан ердік. Ол біздің емес, біз оның сөмкесін көтеріп кеткендейміз. Бұл неліктен? Бұл – ақынның ақынды мойындауы деңіздер. 50-ге келген Жүрсіннің шашасына шаң жұқпасын» деген еді. Дәл осындай пікірді Тұманбай ағам да тамсана айтты. Міне, талантты таланттардың танығаны деген де осы шығар. Десе дегендей Жүрсіннің жырлары ойға, философияға құрылады. Көңіліндегіні дөп басады. Жалғыз мен емес, жыр сүйер қауымның біразы Жүкеңнің «Қасымның үйі» деген өлеңін жарияланған күні-ақ жаттап алды.

Дүлдүлім еді жыр көшіндегі,
Бауырын жазып бір көсілмеді.
Қиратып жатыр Қасымның үйін,
Біздің үй соның іргесінде еді, – деген Жүкеңнің жыры ақын біткенді жалт қаратты. Шынында да, ақынға қамқорлық, ақынға қолдау қашанда қажет екеніне көптің назарын бір аудартты. Мұның ар жағында сонау Қасымның кезеңінен бері ақын біткеннің сыбағадан қағажу қала беретіні қалай деген сауал жатқандай.

Жүрсін жырларының оқыған адам бір жасап, тыңайып қалады. Бәзбіреулер сияқты ежіктеп, еліктеп жазбайды. Жүрсін тек Жүрсінше жазады. Содан да шығар, оның жырлары өзгелерден даралanып, бөлектеніп, көріктеніп, көркем көрінетіні. Көзбен көргенің көңілге түйіле бере ме? Осыны біз ой елегіне салып көрдік пе? Көрсек те байыбына жеттік пе? Ал, ол Жүрсін жазған жырында былай өрбиді:

Арбаса нәпсі ібіліс,
Алаңдап қалам ұлып іш.
Көңілге неге сыймайсың,
Көзіме сыйған құбылыс.

Ал, қараңыз. Мынау сансыз ғаламда көзің көргеннің бәрін көңілің қабылдай ала ма? Мүмкін емес. Көзбен көргеніңнің, көңіліңе орныға қоюы не ғайбыл. Міне, ақынның саған да, маған да, оған да салар ойы осы. Бұл озық ойлы ақынның өзгелерден оқ бойы дара тұрғанын көрсетеді. Бүгінде жазба ақынның сан жарысында жүлде алған ақпан айының басында туған Мұқағали атындағы сыйлықтың екі мәрте иеленген Жүрсін Ерман дегенде қалың қауым «Қазақ айтысының атасы» деп те ажарландыра түседі. Айтыстың туын көтеріп, өлмес жырларды өңгеріп, жетпістің желкенін желбіреткен Жүрсінді кім білмейді десек те, оның Ұлытаудың ұлы екенін бүгінгі де, келешек ұрпақ та кеудесін керіп тұрып, мақтана айтарына ешкімнің де еш күмәні жоқ деп батыл айта аламыз. Үш жүздің басын қосқан Ұлытаудың ұлы Жүрсін ақынға «Жетпісің жүзге жалғассын, Жүке!» дейді елі. Бала-шағасының қызығына кенеліп, қалың елдің алғысына бөлене беруін біз де қалаймыз. Лайым тілегіміз қабыл болғай! Жетпісің құтты болсын, Жүке, дейік...

**Батырбек МЫРЗАБЕКОВ.**

*Жезқазған қаласы*

15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 32 ЖЫЛ

# ОҚ пен ОТТЫҢ АСТЫНДА

## *темір тұлпар тізгіндеген*

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Менің көлігімде отырған бес сапер жолды миналардан тазартатын, – деген Бекен Бұқарбаев инженерлік қызметтің бастығы генерал-подполковник В.Воробьевтің де жүргізушісі болғанын алға тартқан ол совет әскерін Кандагардан шығаруға қатысқан. Өзі 1989 жылдың 15 ақпанында сағат 16:00-де ауған жерінен шығарылған соңғы жауынгерлермен бірге Түркменстандағы «Кушка» әскери бекінісіне келген. Онда әскери қызметінің қалған бес айын абыроймен атқарады.

Туған жерге оралған соң «Топаз» көмір қоймасына басшылық жасайды. Әр жылдары Сәтбаев пен Жезқазған қаласында түрлі мекеме, кәсіпорындарда жүргізуші қызметін жалғастырды. Соңғы он жылдан астам уақытта кәсіпкерлікке бет бұрып, «Тұлпар» автосервисінде еңбек етуде. Өзін де, өзгені де жұмыспен қамтып отырған Бекен ардагердің ұстаздықтан да хабары бар. Оның автосервисі Жезқазған бизнес және көлік колледжімен әлеуметтік серіктес болғандықтан, болашақ мамандарға автокөліктердің қыры мен сырын үйретіп, іс-тәжірибеде жетекшілік етіп жүр.

Аяулы жары Назира Елеусізовамен бірге ақылына көркі сай Мөлдір мен Маржанды оқытып-тоқытып, құтты ұясына қондырған Бекен Бұқарбаев кенжесі Мадиярдың нағыз ер етіп тәрбиелеуге күш салуда.

– Жалғыз ұл екеніне қарамастан, оны әскерге жіберемін. Бұл ойымды анасы да құп көреді. Жастайынан «ерді ер қылатын әскер» дегенді естіп өскен ұлдың да қарсылығы жоқ. Ол Отан алдындағы борышты адал орындау міндеті екенін ұғынады, – деген Бекен Сламғалиұлы әр ата-ана жүрегі елім, туған жерім деп соғатын, қиындықтан еңсеруден тайсалмайтын өзінің емес, ұлтының ұлын тәрбиелеу қажет екенін айтады.

Көңілде сыз, жүректе із қалдыратын соғыстың атын бүгінгі ұрпақ естісе де, көрмесе деген бір ғана тілегі бар ардагер қазақтың жігіттері елден жыраққа кетпесе, ана жүрегі сыздамаса екен дейді...



**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ ҚАРУЫ



***Қазіргі жаһандану заманында озық елдердің қатарынан ойып тұрып орын алу үшін ұрпақ тәрбиесін қолға алуымыз керек. Ең маңызды идеологиялық жұмыс осы бағытта өрбуі заңдылық. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген екен әйгілі Платон. Бұрынғы ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне келгенде көрегенділігімен ерекшеленіп, салт-дәстүрді орынды пайдалана білген. Қайғыға ортақтасып, қуанышты бөлісіп, елдің іргесін берік еткен. Өнегелі дана жоқ жерде, өнегелі бала жоқ. Қазақ халқының өзге ешкімге ұқсамайтын, ғасырлар бойы дағдыға еніп, қалыптасқан, тұтас ұлттың өмір мектебінде сыналған тәлім-тәрбиелік ұстанымы бар. Сол ұстаным ғана біздің рухымыздың өзегі, ұранымыздың діңі. Ұлттық тәрбие дегеніміз осы. Енді осы төңіректегі ойымызды, көппен бөлісіп, пікірімізді ортаға салып көрейік.***

Қазақ халқы туған жер дегенді «кіндік қаны тамған жер» деп ерекше әспеттеп айтады. Кіндік қан деген – халқымыз үшін қасиетті ұғым. Үлкендер ұлын да, қызын да осы ұғым аясында тәрбиелеп, өсіреді. «Туған жеріңнен кіндігіңді үзбе», «Топырағыңнан дарыған», «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Қайта кірер есігіңді қатты жаппа» деген ақыл-өсиет сөздердің біріне-бірі жалғасқан өзегінде туған жерді қадірлеу пейілінің жатқанын аңғару қиын емес. Шыр етіп дүниеге келген топырақты, даланы, оның тау-тасын, тұтас қазақ даласын, Отанды сүю дегеннің дәні осы ұлттық тәрбие қойнауында жатыр.

Халқымыздың қастерлейтін бұйымы көп. Соның бірі – бақан. Кәдімгі киіз үйдің шаңырағын көтеретін бақан. Бақанды кім-көрінген ұстап, шаңырақты көтере бермеген. Көргені көп, түйгені мол, елге сыйлы, қадірлі адамға ғана бақанмен шаңырақты көтеру рұқсаты берілген. Бақанды бей-берекет лақтырып тастай салмаған. Ескірген бақанды шүберекке орап, жоғарылау жерге байлап қойған немесе адам аяғы тимейтін шыңырау құзға лақтырған екен. Әйел адамның оны аттап өтуіне тыйым салынған. Шаңырақты көтерген бақанды сыртқа алып шығудың да өзіндік тәртібі болған екен. Байқап отырсақ, бақанды қадірлеу – шаңырақты құрметтеу, ал шаңырақты құрметтеу – әулет дәстүріне, ұлт дәстүріне сыйластықпен қарау деген сөз. Мұнда үлкен пәсапалық, тағылымдық, танымдық нәр дәнегі жатыр. Бабаларымыз бала бойында шаңыраққа деген, туған жерге деген сүйіспеншілік берік орнықса, одан елін сүйген азамат шығарына сенген. Ендеше бала бойына шаңырақ пен туған жерге деген сезімді тәрбиелеу басты міндет болу керек деген ойды нақты айта аламыз.

Ата-бабаларымыз қыз бала мен ұлдың тәрбиесіне айрықша терең мән беріп, әр қадамын қадағалап отырған. Ұлына: «Сен мына шаңырақтың иесісің, әулет дәстүрінің шырақшысысың» деп тәрбиелей отырып, ер балаға: «Қыз бала – қонақ. Оны сыйлаңдар, сый-құрметтеріңді аямаңдар» деп ескертіп отырған. Өз басым осы қағиданы әке-шешемнің ұстанымынан көріп өстім.

Халқымызда «қасиетті қара шаңырақ» деген ұғым бар. Бұл – ата-бабадан әке-шешеге аманат болған, әке-шешеден кенже балаға мұра болған асыл дүние. Сондықтан кенже балаға зор міндеттер жүктеледі. Ол – қара шаңыраққа ие бола отырып, әулет дәстүрін жалғастырып, қалған аға-апаларының, қарындастарының сағыныса көрісетін үйіне ие болу, әке мен шешенің орнын жоқтатпау. Қазақта ұл баланың орнына зор мән берілуінің сыры осында болса керек. Ал қыз бала бойжетіп, теңін тапқанға шейін өз үйінде еркелеп өскен, алайда «қызға қырық үйден тыю» деген қағиданы ұстанған аналарымыз қызына: «Сен бүгін қонақсың, ертең басқа әулеттің босағасынан аттайсың. Сенің міндетің енді сол әулеттің ұрпағын өсіріп, тәрбиелеу болады. Сүйегің, қаның біздікі, ал қызметің келін боп түскен әулетке бағышталуы керек. Сен енді сол әулеттің мүшесісің. Адалдығың мен арың сол жерде сыналады», – деп айтумен болады. Бұл – ұлттық тәрбиенің тұнығынан нәр алған арлы аналарымыздың тәрбиесі.

Жасыратын несі бар, біз қазір осы мектептің тәлімінен алыстап кеттік. Құда-құдағилардың, ене мен келіннің арасындағы түрлі түсінбестіктер мен кикілжіңдер, ақыр соңы ұядай болып отырған жас отбасының ыдырауы сияқты жайсыз жайттар – осының салдары.

Қазақ әйелінің үлкен адамдар түгілі, ұл баланың жолын кесіп өтпеу тәртібі де ұлттық тәрбиенің жемісі. Мынандай бір оқиғаны баяндайтын әңгімені естіп таң қалғанымды жасыра алмаймын.

Жолдың қиылысында аяғы ауыр келіншек пен егде әйел кездесіп қалады да аяғы ауыр келіншек тоқтап, үлкен кісіге жол беріп: «Өтіңіз, апа», – дейді. Егде әйел: «Жоқ, қарағым, аяғың ауыр екен. Құрсағыңда жатқан бала ер бала болса, маған сенің жолыңды кесіп өту жөн болмайды. Сен өте ғой», – деп үлкен басымен жас келіншекке жол береді. Міне, біздің ұлттық тәлім-тәрбиенің озық мысалы.

Жетім баланы жылатып өсіру – біздің халқымызға жат мінез. Тұл жетімді тентіретіп жібермеген. Не ағайын-туысы, не нағашы жұрты қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген. Маңдайынан сипап, қас-қабағына қараған. Қазір ше? Жаныңды шоқтай қаритын жайсыз оқиғалар көптеп кездеседі. Сондай сұмдықты көріп не естіп: «Кешегі бабалар тәртібінің тозғаны ғой, ұлттық тәрбие уызына жарымағандығымыз ғой», – деп өкінесің. Өкініш өзегіңді өртейді.

Әлем бойынша тоғызыншы орынды иемденетін Қазақстан осыншама жерді қалай иемденіп қалды? Қазақ елі сан сынақтардан, қиын-қыстау кезеңдерден сүрінбей өтіп, тұтас бір іргелі ел болғанының құпиясы неде? Текті бала қайдан туады, тәлімді ұл-қыз қалай өсіп-өнеді? Осы сауалдардың жауабы біреу ғана сияқты. Құпияның сыры ұлттық тәрбиеде, бабалар мектебінде жатыр. Қазақ дейтін халыққа ғана тән өзіндік өмір мектебі бар, тәрбиенің де асыл дәні сонда жатыр. Заман басқа, өркениет талабы осындай деген бос сөз. Ұрпағымыздың қазақи қалпын жаһандық жылымға жұтқызғымыз келмей ме, онда ұл-қызымызды ұлттық тәрбиенің уызына жарытып өсірейік.

Осы тақырып әрі қарай жалғасын табады деп сенемін.

**Зина АҚЫЛБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары**

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТЕТІН БОЛДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Қалада бүгінге дейін газ жеткізіп тарататын 36,7 шақырымдық құбыр тартылды. Бұл желілерді «КазТрансГазАймақ» АҚ-ның иелігіне беру үшін құжаттар әзірленуде. Болашақта газ желілері мен қондырғыларын пайдаланып, күтіп ұстаумен осы мекеме айналысады. Екінші кезектегі Бекболатсай, Қостанкелді ықшам аудандарына және одан кейінгі кезектегі 91 және 99-орамдарға, қаланың Батыс ауданына, 66-шы және 84-ші, 1 мен 8-ші орамдарға газ тартылғанда желінің жалпы ұзындығы 170,5 шақырымға жетеді. Газ тарифі желілерді оператордың балансына берілген соң есептеледі.

Ал, тұрғындардың сауалына орай қала әкімінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйеніп айтар болсақ, көгілдір отын желісін үйге дейін кіргізу нысанның арақашықтығына байланысты, ол әлі дәл нақтылана қоймаған көрінеді. Айталық, құбыр үйден 30 метр жерде болса орта есеппен оның қосылу бағасы 150 мың теңгедей болады. Бұған қосымша қажетті мына жабдықтардың шығыны кіреді: газдың сыртқа таралып кетпеуін көрсетіп тұратын прибор (датчик) 2 дана – 35 мың теңге, газ сүзгісі – 6 мың теңге, газ шлангісі – 5 мың, айналымдық сорғы – 15-18 мың теңге. Газдың тұтыну көлемін есептегіш мемлекет есебінен тегін орнатылады. Сонда газды үйге дейін қосуыңыз жобамен 214 мың теңгеге түседі.

Газ шаруашылығы өңір үшін – жаңа сала. Ендігі мәселе, газ құбырын тартып, қондырғыларды орнатқан соң оны күтіп ұстап, қызмет көрсету жағы бар ғой. Тұрғындардың бізде газ мамандары бар ма деп сұрауы да осыған байланысты. Яғни маман кадрлармен қамтамасыз ету жағы қалай шешілмек? Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжі 2019 жылдан бастап «Газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларының құрылғылары және оны пайдалану» мамандығы бойынша студенттерді оқытуды қолға алып, желілік құбыршы мен техник-механик біліктілігіндегі мамандарды даярлайтын болыпты. Қазірде бірінші-екінші курстарда 51 студент оқиды, 2023 жылы алғашқы түлектер диплом алмақшы. Олардың өндірістік тәжірибеден де осы саладан өтуіне мүмкіндік жасау көзделіп отырса керек. Ал, Жезқазған жоғары политехникалық колледжі «Газбен жабдықтау жүйелері мен жабдықтарын монтаждау және пайдалану» мамандығы бойынша 2020 жылы алғашқы студенттерін қабылдады. Қазір 1-курста оқып жүрген 14 жас түлек 2024 жылы газ нысандары жабдықтарын пайдалану жөніндегі техник мамандығын алып шығады. Жергілікті кадрларды даярлау осы бағытта жүргізіле бермек.




Иә, сонымен газ желілерін тарту және тұрғын үйлерді құбырға қосу жөніндегі жұмыстар биыл да сәтімен жалғаса түспекші. Маңызы зор бұл үлкен жоба алдағы алты жылдың ішінде толықтай аяқталады деп күтілуде. Ал, бірнеше кезеңнен тұратын жобаның алғашқы кезеңі аяқталған Талап ауылы мен станция маңындағы Бөгенбай батыр ықшам ауданының тұрғындары көп кешікпей көгілдір отынды жағуға қол жеткізетін болады.

**Амандық РАХҰЛЫ**

15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 32 ЖЫЛ

# ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

***2021 жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 32 жыл толмақ. Бүгінгі таңда біздің қалада аталмыш соғыстың 86 қатысушысы өмір сүреді. Белсенді өмірлік ұстанымы бар олар туған жерінің, туған елі Қазақстанның өркендеуі жолында аянбай еңбек етуде. Жауынгерлердің басым көпшілігі «Қызыл жұлдыз» ордені, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдерімен марапатталған.***

***Бүгінгідей бейбіт заманда олардың еңбегі мемлекеттік және мерекелік медальдармен, грамота мен Алғыс хаттармен еленуде. Ауған соғысының ардагерлері Асылбек Мамажанов пен Виктор Тарадай есімімен қаланың екі бірдей көшесі аталды. Сонымен бірге, жиырма жылдан астам уақыт бойы қос ардагердің құрметіне бокстан республикалық турнир өткізіліп келеді.***




Жыл сайын 15 ақпан қарсаңында еңбек ұжымдары мен оқу орындарында ардагерлердің қатысуымен ерлік сағаттарын өткізу дәстүрге айналған. Ғарышкерлер бульварында орын тепкен жауынгерлерге арналған ескерткіште митинг өтеді. Карантин шектеулеріне байланысты биыл аталған шаралардың бәрі онлайн форматта ұйымдастырылады.

2009 жылы кеңес әскерін ауған жерінен шығарылғанына 20 жыл толуына орай ішкі саясат бөлімінің жобасы аясында «Аған оты шарпыған» кітабы жарық көрді. Аталған кітапқа 117 жезқазғандық жауынгердің өмірбаяны мен Ауғанстандағы соғыстың тарихы, нақты деректер мен дәйектер, пікірлер арқау болды. Кітапқа Қазақстан Журналистер одағы мен Жазушылар одағының мүшесі Зинаида Чумакова редакторлық етті.

Бүгін осы кітаптан мысал келтіруді жөн көріп отырмыз. «Бұл кітап жастық шағын соғыс оты шарпыған тауда өткізген, Кандагардың түнін ұмытпаған, өмірінде Ауғанстан сызат қалдырған жандарға арналған. Кітап жазбаларында тірілер мен өлілер, ерлік пен абырой, ар-ожданымен келісімде өмір сүретін, соғыссыз әлем бүгінгі күннің талабы екенін жақсы түсінетін әрбір адамның азаматтық парызы туралы біздің естеліктер көрініс тапқан», – деп кітаптың алғысөзінде ой толғапты Қ.С.Балмағанбетов.

«Ауғанстан және ҚР жергілікті соғыс ардагерлерінің кеңесі» РҚБ төрағасы Ш.Өтегенов: «Бұл кітап – ауған соғысы ардагерлері туралы естелікті мәңгілікке сақтаушы. Тірі мен өлінің, қатардағы жауынгер мен генералдың, өрімдей жас пен ақылы толысқан ердің жүрегінің түпкіріндегі естеліктерді қозғаған кітап антына адал болғандардың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етпек».

«Тарихтың әділетсіз тұстары мен ақиқатты бүкпесіз жария ететін уақыт туды. Бүгін біз бен сіз бұл кітаптың әрбір парағына жазылған ауған соғысының беймәлім батырлары, біздің жерлестердің есімі ұрпақ жадына мәңгі сақталғанына куә болып отырмыз. Жеңісі мен жеңілісі жоқ сұрапыл соғыста олар қайтпас қайсарлықпен антына адал болып Отаны мен туған жері алдындағы асыл парызы мен жауынгерлік борышын орындау арқылы сөзсіз өз жеңістеріңе қол жеткізді», – деп өзінің ойын жеткізді ҚР Жазушылар одағының мүшесі, профессор Ж.Наурызбай.

Осыдан 12 жыл бұрын жарық көрген «Ауған оты шарпыған» кітабы бүгінгі күні де өз өзектілігін жойған емес. Кітапты қаланың кітапханаларында, сондай-ақ, мектеп кітапханалары мен музейден, мұрағаттан кездестіруге болады. Электронды нұсқасы Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ресми сайтында қолжетімді.

Құрметті де қадірлі біздің ауған соғысының ардагерлері! Сіздерді Совет әскерін Ауғанстан жерінен шығарылғанына 32 жыл толу күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге денсаулық, таусылмайтын күш-қуат тілеп, дәйім батыл кейіптеріңізден таймай, өскелең ұрпаққа үлгі болыңыздар!

**Зина АҚЫЛБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары**

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

*Жезқазған қаласы*

***(Соңы. Басы газеттің №5(8217) санында.***

*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және олларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 4-қосымша*

## Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу СХЕМАСЫ

***Кеңгір ауылдық округі***




*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 5-қосымша*

## Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру СХЕМАСЫ

***Кеңгір ауылдық округі – 277 706,0***




*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 6-қосымша*

## Кеңгір ауылдық округте орналасқан жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру СХЕМАСЫ

| № | Ауылдық округ атауы | 2020 жылғы қоршаулар саны | | | | 2021 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Кеңгір | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КЖМ – көктемгі-жазғы маусым;
ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;
ЖМ – жазғы маусым;
ДҚ – демалушы қоршау

*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 7-қосымша*

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік ГРАФИГІ

| № | Елді-мекен | Маусымның басы | Маусымның аяғы |
|---|---|---|---|
| 1 | Кеңгір ауылдық округі | сәуірдің соңы – мамырдың басы | қазанның соңы – қарашаның басы |

*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 8-қосымша*

## Ветеринариялық-санитарлық объектілер туралы АҚПАРАТ

| № | Аймақ | Ветеринарлық станция | Мал бордақылау алаңдары | Ұрықтандыру пункттері | Мал қорымдары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кеңгір ауылдық округі | 1 | - | 1 | 1 |

*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 9-қосымша*

## Ауыл шаруашылығы мал басының саны туралы АҚПАРАТ

| № | Елді-мекен | Ірі қара мал | Аналық бас | Ұсақ қара мал | Жылқылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кеңгір ауылдық округі | 4438 | 2786 | 12427 | 5504 |

*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 10-қосымша*

## Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы ДЕРЕКТЕР

| № п/п | Елді-мекен | Үйірлер, отарлар, табындардың саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ірі қара мал | Аналық бас | Ұсақ қара мал | Жылқылар |
| 1 | Кеңгір ауылдық округі | 3 | 3 | 3 | 3 |

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

*Жезқазған қаласы*

*Соңы. Басы газеттің №5(8217) санында*

## Сарыкеңгір ауылдық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі МӘЛІМЕТТЕР

*№ 3 кесте*

| № | Елді-мекен | Малдың болуы түрлері бойынша (бас) | | | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | | | | Жайылым-дарды бөлу | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Қорытынды (гектар) | | |
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | 2384 | 11352 | 4924 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 53640 | 51084 | 132948 | 237672 | Барлық ауданы 214 847,0 гектар (116 шаруа қожа-лығы) | 20 |
| 2 | Малшыбай ауылы | 439 | 908 | 430 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 9877,5 | 4086 | 11610 | 25573,5 | Барлығы ауданы 15 603,0 | 61 |
| | **Барлығы** | **2823** | **12260** | **5354** | | | | **63517,5** | **55170** | **144558** | **263245,5** | **230 450,0** | **156** |

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және*
*оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 2-қосымша*

## ЖАЙЫЛЫМ АЙНАЛЫМДАРЫНЫҢ ҚОЛАЙЛЫ СХЕМАЛАРЫ

### Сарыкеңгір ауылдық округі үшін қолайлы жайылым айналымдарының СХЕМАСЫ

| Жылдар | Қоршау 1 | Қоршау 2 | Қоршау 3 | Қоршау 4 |
|---|---|---|---|---|
| 2020 | Көктемгі-жазғы маусым 1 | Жазғы маусым 2 | Күзгі маусым 3 | Демалушы қоршау |
| 2021 | демалушы қоршау | көктемгі-жазғымаусым1 | Жазғы маусым 2 | Күзгі маусым 3 |

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 3-қосымша*

## Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта




*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 4-қосымша*

## Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу СХЕМАСЫ

*Сарыкеңгір ауылдық округі*




*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 5-қосымша*

## Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру СХЕМАСЫ

*Сарыкеңгір ауылдық округі – 361 511,0*




*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 6-қосымша*

## Сарыкеңгір ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру СХЕМАСЫ

| № | Елді-мекен | 2020 жылғы қоршаулар саны | | | | 2021 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КЖМ –көктемгі-жазғы маусым; ЖМ – жазғы маусым;
ЖКМ – жазғы-күзгі маусым; ДҚ – демалушы қоршау

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 7-қосымша*

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік ГРАФИГІ

| № | Елді-мекен | Маусымның басы | Маусымның аяғы |
|---|---|---|---|
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | сәуірдің соңы – мамырдың басы | қазанның соңы – қарашаның басы |

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 8-қосымша*

## Ветеринариялық-санитарлық объектілер туралы АҚПАРАТ

| № | Елді-мекен | Ветеринарлық станция | Мал бордақылау алаңдары | Ұрықтандыру пункттері | Мал қорымдары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | 1 | - | 1 | 1 |

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 – 2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 9-қосымша*

## Ауыл шаруашылығы мал басының саны туралы АҚПАРАт

| № | Елді-мекен | Мүйізді ірі қара мал | Аналық мал | Мүйізді ұсақ мал | Жылқылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | 2384 | 1535 | 11352 | 4924 |

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 – 2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 10-қосымша*

## Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы ДЕРЕКТЕР

| № п/п | Елді-мекен | Үйірлер, отарлар, табындардың саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мүйізді ірі қара мал | Аналық мал | Мүйізді ұсақ мал | Жылқылар |
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | 3 | 3 | 3 | 3 |

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА *Жезқазған қаласы*

***Соңы. Басы газеттің №5(8217) санында***

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және*
*оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 5-қосымша*

### Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру СХЕМАСЫ

***Талап ауылдық округі – 44 558,0***



*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және*
*оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 6-қосымша*

### Талап ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру СХЕМАСЫ

| № | Елді-мекен | 2020 жылғы қоршаулар саны | | | | 2021 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Талап ауылдық округі | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КЖМ –көктемгі-жазғы маусым; ЖМ – жазғы маусым;
ЖКМ – жазғы-күзгі маусым; ДҚ – демалушы қоршау

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және*
*оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 7-қосымша*

### Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік ГРАФИГІ

| № | Елді-мекен | Маусымның басы | Маусымның аяғы |
|---|---|---|---|
| 1 | Талап ауылдық округі | сәуірдің соңы – мамырдың басы | қазанның соңы – қарашаның басы |

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және*
*оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 8-қосымша*

### Ветеринариялық-санитарлық объектілер туралы АҚПАРАТ

| № | Елді-мекен | Ветеринарлық станция | Мал бордақылау алаңдары | Ұрықтандыру пункттері | Мал қорымдары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Талап ауылдық округі | 1 | - | 1 | 1 |

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және*
*оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 9-қосымша*

### Ауыл шаруашылығы мал басының саны туралы АҚПАРАТ

| № | Елді-мекен | Мүйізді ірі қара мал | Аналық мал | Жылқылар | Мүйізді ұсақ мал |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Талап ауылдық округі | 1184 | 621 | 1689 | 5025 |

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және*
*оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 10-қосымша*

### Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы ДЕРЕКТЕР

| № п/п | Елді-мекен | Үйірлер, отарлар, табындардың саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мүйізді ірі қара мал | Аналық мал | Жылқылар | Мүйізді ұсақ мал |
| 1 | Талап ауылдық округі | 3 | 3 | 3 | 3 |

## Жезқазған қаласының елді-мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 529-бабының 6-тармағына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес Жезқазған қаласының елді-мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласының әкімі Қ.ӘБСАТТАРОВ**

*«Жезқазған қаласының елді-мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын*
*ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы»*
*Жезқазған қаласы әкімдігінің қаулысына 1-қосымша*

### Жезқазған қаласында салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

| № р/н | Жезқазған қаласында салық салу объектісінің орналасуы | Аймаққа бөлу коэффициенттері |
|---|---|---|
| 1 | **1-ықш.** – Ғарышкерлер буль.7,9,11,13,15,15А, 17,19, 21,21А,21Б,23,25А, 27,29,33-үй, Гагарин көш. 10,12,14,16,18,20,24,26,28,30, 32, 34,36-үй Бейбітшілік даң. 17,19-үй | 1,3 |
| 2 | **2-ықш.**–Ғарышкерлер буль. 6,8,10,12,16,18,24,26,28,34,38,40,42-үй, Б.Момышұлы көш. 1,3,7,11,17,19,21,23,25,27,4,6,8,16,18,22,24-үй, Бейбітшілік даң. 23,29,33,37-үй, С.Сейфуллин көш. 48,50,52,54-үй, Алашахан даңғ. 3,5,7,9,11,13,17,19,23,25, 25А,27,21-үй. | 1,3 |
| 3 | **3-ықш.** – С.Сейфуллин көш. 53,57,59,61, 63,65,67,69, Алашахан даң. 33,35,37,37А,39,41,43-үй, Ғарышкерлер буль. 50,50А,54,56-үй Байқоңыров көш. 106,110,112,114,118-үй | 1,1 |
| 4 | **4-ықш.** – Алашахан даң. 20,20А,22А, 22Б,22Е,24,24Б,26,28,32-үй, Жеңіс көш. 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19, 23-үй, Анарқұлов көш. 1,3,5,7,9,15,17-үй | 1,3 |
| 5 | **5-ықш.** – Анарқұлов көш. 2,4,6,8,14,14А, 14Б,16-үй, Бейбітшілік даң. 45,51,51А,49,47,53,57,59, 61,63,65, 67,69-үй, Деев көш. 1,3,5,7,7А,9,9А,9Б,11,11Б, 13,15,17,19-үй, Алашахан даң. 2,4,6,10,14,16,18-үй | 1,2 |
| 6 | **6-ықш.** – Бейбітшілік даң. 28,30-үй, І. Есенберлин көш., М.Жәлел көш. | 0,75 |
| 7 | **7-ықш.** – Марғұлан көш. 2/2,2/1,4,6,8,10,14,18,20,24,26,28,30,34,36,40,42,44,46,48-үй, Тілеулі батыр көш. 1-11,13-21,22А,23,24, 26-40,42-44,46,47,49-үй,Ер-Шоштан көш.2,4,5,6,8,9,11,13,17А, 20,21,23,25,26,27,29,30,32-42,44-59,61,62,63,66,68-үй, Кетбұғы би көш.1,3,5,7,13,15,17,19,23,25,27,29,31,33,35,37,39,41,43,45,47,49,51,55,57,59,61,63,65,67-үй | 0,75 |
| 8 | **8-ықш.** – Марғұлан көш. 72,74,76,78,84,86,88А,90,92,94,96,96Б,98,100,102, 104,106,108,110,116,116А, 118,120,122-үй, Тілеулі батыр көш. 50,52,53,54,56,58, 60,62,67-74,76,78,79,80,82,84, 85,86,88,90,92,93,95,96,98,100,104,106,110,112-үй, Ер Шоштан көш.65,67,69,71,73, 75,77, 79,81,83,85,87,89, 91,95,97, 101,105,113,117,119,121,125,129,70,72, 76,78,80,82,84,86,88,90, 94, 98,98А,100, 106,110,112,114,116,118,120,124,128,132-үй, Кетбұғы би көш.69,71,73,77,81,85,87,89, 91,93,95,101,107,111,113,115,117, 119,121,125,127,12,14,18,20,22,24,36,38,44,46,48,52,62,64,66-үй, Бабыр би көш. 2-6,8,12-14,16,18,19,20,22,23,25,27,32,34,36,37,38,44, 46,50,56,60,62,64,33,41,43,45,49,59,65-үй, Байжанұлы көш.5,9,11,35,37,41,43,59,61,63-үй | 0,75 |
| 9 | **1-орам** – Пушкин көш.6,8-үй, Холмецкий көш.36,38,40,42,44,46-үй, Фурманов көш. 21,23,24,32-үй, Сәтбаев көш.7,9,11-үй, Омаров көш.9А,11-үй, Строительная көш. 11-үй | 0,75 |
| 10 | **2-орам** – Омаров көш. 8,12,14-үй, Холмецкий көш.22,26,28,30,32,34-үй, Фурманов көш.11-20,1-6-үй, Строительная көш.4,6,8-үй, Құрманбаев көш.11,15,10,3,5,9А-үй, Сәтбаев көш.3-үй, Желтоқсан көш.6,8,10,11,12,13,15,17-үй, Абай көш.11,13,15,17,17/1,19-үй | 0,85 |
| 11 | **4-орам** – Холмецкий көш.1,2,3,3А,5,6,8,10,12,14-үй, Рысқұлов көш.3-6,8,10,12,14,20,22,24-үй,Гурба көш.1-5,7,9,11,13,15-үй, Тимирязев көш.1,2,3,6,7,8,10,11-үй, Ранов көш.1,3-9,17-үй, Штифанов көш.1,2Б,3,4-13,15,17,18,19-үй, Шығыс айналма жолы 2,8-үй | 0,85 |
| 12 | **5-орам** – Айбасов көш.2,4,6,9,11,13,15-үй, Абай көш.14,16,18,20,22-үй, Желтоқсан көш.14,16,19-үй. | 0,75 |
| 13 | **6-орам** – Айбасов көш.1,3,5,7-үй, Абай көш.2,4,6,8,10,12,5-үй, Чехов көш.3,5-үй, Желтоқсан көш.29-үй, Тарадай көш. 8-үй | 1,2 |
| 14 | **7 – орам** – Бейбітшілік даң. 2,4,6,8,10,12,14,16,18-үй | 1,2 |
| 15 | **8-орам** – Бейбітшілік даң. 20,24-үй | 1,1 |
| 16 | **9-орам** – Сарыарқа көш. 2,4,6,8,12,14,16,18,20-үй, Пугачев көш.1,4,6,8,10,12,14,18,22,24,30, 32,34,36,38-үй, Гоголь көш. 4,6,8,10,12,14,18-үй, Ломоносов көш.4,6,8,10,12,14,16,18,20,22,9,11,13-үй, Шапағат бұр.1,3,5-үй, Наурыз бұр.5,7-үй, Абай көш.87,87А,89,91,93,95,95А,97,99-үй | 1,2 |
| 17 | **10-орам** – Гагарин көш.5,7,9,11,13-үй, Бейбітшілік даң.9,11,13-үй, Асылбеков көш 2,4,6,8,10,12-үй, Әубәкіров көш.14,16-үй, Құрманов көш.4-8,10,12,14,16,18,20-үй | 0,75 |
| 18 | **15-орам** – Гагарин көш.15,17,19,21,23-үй, Әубәкіров көш.9,11,13,15-үй, Асылбеков көш.14,16,18,20,22, 24,26,28-үй, Либкнехт көш.10,11,12,13-18,20,22-үй, Смайлов көш.14,16-үй | 0,75 |
| 19 | **16-орам** – Әубәкіров көш.3,5-үй, Абай көш.52,54,56,58,60,62-үй, Смайлов көш.4,6,8-үй, Либкнехт көш.1,2,2А,3,4,5,23, 25,27,30,32-үй, Асылбеков көш.13,15,17,19,21,23,25,27-үй | 0,75 |
| 20 | **19-орам** – Асылбеков көш.34,36,38,40-үй, Космедьянская көш.6,8,10,12,14,11,13,15-үй, Смайлов көш.7,9-үй, С.Сейфуллин көш.36-үй, Гагарин көш.25,27,29,31,33-үй | 0,75 |
| 21 | **20-орам** – Асылбеков көш.29,31,33,35,37,39-үй, Абай көш.64Б,66,68,70,72-үй, Құрманғазы көш.1-8-үй | 0,85 |
| 22 | **21-орам** – Омаров көш.24,26,28,30,32-үй, Абай көш.39,41,43,45,47-үй, Пирогов көш.4,6,8,10-үй | 0,85 |
| 23 | **22-орам** – Пирогов көш.3,5,7,9-үй, Абай көш.29,31,33,35,37-үй, Омаров көш.16,18,20,20А-үй, Әміралин көш.3-12-үй, Сәтбаев көш.4,6,10,16-үй | 0,85 |
| 24 | **23-орам** – Омаров көш.17,19,21,25А,23Б,23В-үй, Сәтбаев көш.16,18,20,22-үй, Әміралин көш.13,15,15А,19,16,18,20,22, 24,26-үй, Пирогов көш.13,15,17,19,21,21/1-үй, Жанасов көш.1,1Б,1В,1Г-үй, Пушкин көш.17А,17Б,17В,19-үй | 0,9 |
| 25 | **25-орам** – Әміралин көш.26А,28,30,32-үй, Пушкин көш.17-үй, Пирогов көш.21Б,23,25,18-үй | 0,85 |
| 26 | **26-орам** – С.Сейфуллин көш.16,28-үй, Абай көш.49, 49А,49Б-үй, Жанасов көш. 2А,4,4А,4Б,4В,6-үй | 1,2 |
| 27 | **27-орам** – Сәтбаев көш.24,26,28,28А,28Б,28В,30,32-үй, Әміралин көш.17,23,25-үй | 1,2 |
| 28 | **28-орам** – Холмецкий көш.48,50,52-үй, Пушкин көш. 3,5,9-үй, Расков көш.7,9,3,4,5,6-үй, Сәтбаев көш.17,19,21,23,25-үй, Аманжолов көш 2,8-үй | 1,2 |
| 29 | **29-орам** – Жанасаов көш.8,10,12,14,16-үй, Пушкин көш.21,23,25-үй, С.Сейфулин көш.2,4,6,8,10-үй | 0,85 |
| 30 | **30-орам** – Абай көш.74,76,78,80,82-үй, Құрманғазы көш.9,11-24-үй, Асылбеков көш. 41,43,45,47,49,51,53,55-үй | 0,85 |
| 31 | **31-орам** – Құрманғазы көш.26,28,30,32,34,36,38-үй, Шевченко көш. 49-үй, Асылбеков көш.57,59,61,63, 65, 67,69-үй, Байқоңыров көш.62,64-үй | 0,85 |
| 32 | **32-орам** – Асылбеков көш. 46,48-үй, С.Сейфулин көш.39-үй, Гагарин көш. 37-үй, Шевченко көш. 32,34-үй | 0,85 |
| 33 | **33-орам** – С.Сейфулин көш.45-үй | 0,85 |
| 34 | **61-орам** – Холмецкий көш.56,58,60,62,64,64/1,66,68,70-үй, Сәтбаев көш.27,29,31А,33,35,37,39,41-үй, Некрасов көш.2,4,6,8-үй, Аманжолов көш. 1,3,5-үй | 0,85 |
| 35 | **62-орам** – Сәтбаев көш.34,36,40,42-үй, Некрасов көш.12,14-үй, Аманжолов көш.9,11-үй, | 0,85 |
| 36 | **63-орам** – Холмецкий көш.76,78,80,84,86,88-үй, Байкоңыров көш. 2,4,6,8-үй, Некрасов көш. 1,3,5,7-үй, Сәтбаев көш. 45,47,49,51,53, 55,59,61,61А, 63,65,67,69-үй. | 0,85 |
| 37 | **64-орам** – ул.Сатбаев көш. 44,46,48,50,52,54, 54А,56,56Б,58-үй, Байқоңыров көш. 12,14,16-үй, Некрасов көш. 9,11,13,15,17,19-үй, Жанасов көш.3,5,7,9,11,13,19,21,25,25А,27-үй | 0,85 |
| 38 | **65-орам** – Холмецкий көш.94,96,98,102,104-үй, Сәтбаев көш.73,75,77,79,81,83,85,87,89,89А,91,93,95,97-үй, Байқоңыров көш.1,3,5,7 үй, Ұлытау көш. 2-үй | 0,85 |
| 39 | **66-орам** – Байқоңыров көш.9,11,13-үй, Жанасов көш.29,31,39,41,43,45А,47,49,51,53-үй, Ұлытау көш.4,6-үй, Сәтбаев көш.60, 64,66,70,72,70Б,74-үй | 0,85 |
| 40 | **67-орам** – Шевченко көш.1,3,5,7,7А,9,11,13,15,17-үй, Пушкин көш.41,43,45,47,51-үй, Байқоңыров көш.20,22,24,26,28, 30,32-үй, Аманжолов көш.34,36,38-үй | 0,85 |
| 41 | **68-орам** – Аманжолов көш.24,22-үй, С.Сейфулин көш.3,5,9,15-үй, Пушкин көш.35-үй, Шевченко көш.4,6,8,10-үй | 0,85 |
| 42 | **69-орам** – Пушкин көш.36,40-үй, Байқоңыров көш.34,36,38,40,44,46,46, 46/2,48,50-үй, Шевченко көш.31,33,27,23,25, 29,37,39-үй, Абай көш.61,63,65,67,86,88,92,94-үй, Құрманғазы көш.25,27,29,31,33,35-үй | 0,85 |
| 43 | **70-орам** – Гагарин көш.66,72,72/2,70,70/4-үй, Жангельдин көш.88,90-үй, Панфилов көш.76,76А,79,81,98,100-үй, Орджоникидзе көш.35,36,36А,37,40,39А,41,41/2, 42-52,54,56-үй, Байқоңыров көш.101,103,105,107,109,113,115,117, 119,119А, 121,97А-үй, Мамажанов көш.1634,36,38,39-үй | 0,85 |
| 44 | **71-орам** – Мамажанов көш.16-34,36,38,39-үй, Байқоңыров көш.82,82А,84,86,88,90,92,94,96, 98,99, 100,102-үй, Есенов көш.17,19,21-38,40-үй, Шевченко көш.69,71,73/2,75,75/1,77,79,81,83, 85,87,91-үй | 0,85 |
| 45 | **72-орам** – Байқоңыров көш.66,68,70,72,74, 76,80-үй, Мамажанов көш.1-8,10-13,15,15А-үй, Есенов көш.1-16-үй, Шевченко көш.51,53,55,57,59,61,63,65-үй | 0,85 |
| 46 | **74-орам** – Гагарин көш.76,78,80,82,98-үй, Асылбеков көш.84,86,86/2,88/1,88/2,90,92,94, 93,95,97/1,97/2-үй, Абай көш.126,128,130-үй, Мәметова көш. 43,48,50,52,54,56,58,60,62,64, 66,68,70,72,74,76-үй, Н.Әбдіров көш.47-75,77-үй, Жангельдин көш. 61,63, 65,67,69,71,73,75, 77, 79,81,83,85-үй | 0,85 |
| 47 | **75-орам** – Жангельдин көш.58,60,62,64,66, 68,70,72,74,76,78,80,82,84,86-үй Панфилов көш. 44,46,48,50,52,53-69,69А,70-75,77-үй, Ордженикидзе көш.1-19,22-34-үй, Байқоңыров көш.65,67,69,71,73,75,77,79,81,83,85,87,89,91,93,95-үй | 0,85 |
| 48 | **76-орам** – Абай көш.81,81А,83-үй, Ұлытау көш.66-үй | 0,85 |
| 49 | **77-орам** – Абай көш.79-үй, Заслонов көш. 2/2-үй | 0,85 |
| 50 | **78-орам** – Ұлытау көш.54,56,58,60,62-үй, Асатов көш.15-25-үй, Мәметова көш.23,25,26,27,28,28А,29,31,32,34,36,38,40, 42,44,46-үй, Н.Әбдіров көш.27, 27А,28,28/1,30-46-үй, Жангельдин көш.39,41,43,45,47,49,51, 53, 55, 57-үй | 0,85 |
| 51 | **79-орам** – Жангельдин көш.36,38,40,42,44, 46,48,50,52,54-үй, Панфилов көш.24,26,28,30,32-35,36,38-43,45,47,49,51-үй, Молдағұлова көш.23,25,27-30,30А,31,33-42,44-үй, Байқоңыров көш.45,47,49,53,55,57,59,61,63-үй | 1 |
| 52 | **80-орам** – Жангельдин көш.28,30,32,32А, 34,34А-үй, Панфилов көш.16,16/2,18,18А,20,22,25, 27, 27А,29,29А,31-үй, Молдағұлова көш.11А,13,15,16,18-22,24,26-үй, Байқоңыров көш.33,35,37,39,41,43-үй | 0,85 |
| 53 | **81-орам** – Жангельдин көш.12,14,16,18,20, 22,24,26-үй, Панфилов көш.1-15-үй, Молдағұлова көш.1-12-үй, Байқоныров көш.23,25,27,29,31-үй, Аманжолов көш.13,15-үй | 0,85 |
| 54 | **82-орам** – Жангельдин көш.15,17,19,21-үй, Салықбаев көш.3,9-үй, Ұлытау көш.22,24,26,28,30-үй, Жароков көш.2,4,6-үй, Байсейітова көш.15-22-үй | 0,85 |
| 55 | **83-орам** – Жангельдин көш.29,31,33,35, 37, 37А-үй, Н.Әбдіров көш.11,13-24,26-үй, Мәметова көш.9,11,12,14-22,24-үй, Асатов көш.1-5,7-14-үй, Ұлытау көш.48,50,52-үй, Аманжолов көш.31,33,35-үй | 0,85 |
| 56 | **84-орам** – Жангельдин көш.2,4-үй, Инженерная-1 көш.3-7-үй, Инженерная-2 көш.1-6,8-үй, Салықбаев көш.10,14,16,18,20-үй, Жанасов көш.18,20,22,24,26-үй, Байқоныров көш.21-үй | 0,85 |
| 57 | **85-орам** – Жангельдин көш.1,3,5,7,9,11,13-үй, Байсейітова көш.1,13-үй, Ұлытау көш.8,10,12,14,16,18,20-үй, Салықбаев көш.2,4-үй, Жанасов көш.28,30,36-үй | 0,75 |
| 58 | **91-орам** – Марғұлан көш.1,3,5,7,9,11,13,15,17,19,21,23,25,27,29,29А,31,33,35,37,39,39/1,41,45,47,49,51,53,55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71,73, 75,77,79,81-үй, Қазақбаев көш.3,5,7,9-үй, А.Түсіпбеков көш.2,3,4,6-17,18/1,18/2,19-24,26,28,30,32,34,36,38-үй, Қазанбаев көш.1,3,4,5,7,9,10,11,13,15 ,16,17, 19, 21,23,25-үй, Жамбыл көш. 6,12,18,20,22,24,26,36,38,40,42,44,46,56,86А,60-үй, Иманжан көш.3,5,7,9,13,15,15/1,17,19,21-үй, Белинский көш.1-14-үй, Жүсіпов көш.13,15,17,23-үй | 1 |
| 59 | **92-орам** – Марғұлан көш.83,85,87,89,91,93, 95,97,99,101,103,105,107,109,109/2,111,113-үй, Аманбай батыр көш.1-12,12А,13,14,15, 15А,16-29-үй, А.Түсіпбеков көш.25,29,33,35,37,39,40-52,54,55,56,58,59-70,73/1-үй, Қазанбаев көш. 18,20,22,24,26,28,30-38,40-43,45,46,48,49,51,52,53,55,57,59,61,63,65,67, 69,71-үй, Қазақбаев көш. 60-үй, Жамбыл көш.57,59,61-86,88,90,92-үй, Уәлиханов көш.15,17,25,25А,26,30,30/1, 30/2,32,34,36,35,37,38,38А,38Б,39-62,64,65,67 үй, Металлург көш. 40А,42А,46, 46А,47-68,70,72,73,75,77,79,81,83,85,87,89,91,93,95,97,99,101,103-үй, Нүрпейісова көш.31,33,35-45,47,49,53,52,54-73,75-84-үй, Иманов көш.50,54,58,41,57,64,66,69,69А,9Б,70-74,76-82,84,86, 88,90,92,94, 96,97,98, 100,102,104-үй | 0,85 |
| 60 | **93-орам** – Қазақбаев көш.17,19,21,25,27,29, 29Б-үй, Молодежная көш.24,26,28,30,32,34,36-үй, Иманов көш. 23,25,27,29,31, 38,42,44-үй, Нүрпейісова көш.21,23,24,25,27,28,29,30,32,34-үй, Металлург көш.35А,36,40,42,42Б,42В, 41,43,44,44А,45,45/1-үй, Уәлиханов көш.11А,17А,18,19А,20-23,25-үй, Жамбыл көш.37,39,43,45,47,49-үй | 0,85 |
| 61 | **94-орам** – Жамбыл көш.3,15,17,19,21,23,25, 27,29,31,33,35,35/1-үй, Уәлиханов көш.1-4,6,8,9,12,11,13,16-үй, Металлург көш.19,21,23-32-үй, Нұрпейісова көш.1-20-үй, Иманов көш.9,17,21,12,14,16,18,18А,20,22-үй, Исаев көш.36-үй, Белинский көш.15-26,26А,28,34,36,44,46-үй, Қазақстан көш.2,4,6,8,10,12,20-үй, Иманжан көш.25,27,31,35-үй, Молодежная көш.16,20,22-үй | 0,85 |
| 62 | **95-орам** – Молодежная көш.39,41А,44,53,57,69,138,139-үй | - |
| 63 | **Рыбачий пос.** – Қошқарбаев көш., ақын Қожабай көш., Ержанов көш., Бөкейхан көш.,Төлебаев көш., Болман көш., Тайжан көш., С.Бүкіров көш., Сайдалы Сары-Тоқа көш., Жұбанов көш., Қазыбековтер көш., Ш.Айманов көш., Құсайынов көш., Жәнібеков көш., Көктем көш., Нұржанов көш., Мұқанов көш., Бұлқышев көш. | - |
| 64 | **Комбинатский пос.** – Балочная көш., Шашубай көш., Жанайдар батыр көш., Интернациональная көш., Мұратбаев көш., Кеңгір көш., Ағыбай батыр көш., Костен-Гол-Сай көш., Б.Момышұлы көш., Крупская көш., Тоқтаров көш., Мочалов көш., Репин көш., Плеханов көш., Глинка көш., С.Шарипов көш., Толстой көш., Макаренко көш., Бебель көш., Кутузов көш., Никольский көш., Жездинский көш. | - |
| 65 | **Геологический пос.** – Қайнар көш., Губкин көш., Ферсман көш., Балбырауын көш., Шамшырақ көш., Ынтымақ көш., Ырыс көш., Бірлік көш., Шалқар көш., Ақдала көш., Темірқазық көш. | 0,85 |
| 66 | **Пристанционный (Вокзал) ықш.** – Қаражар көш., Железнодорожная көш., Берденов көш., Сафронов көш., Әлмұханбетов көш., Шынтуринов көш., Майлин көш., Майлин бұрыл., Щорс көш., Шолохов көш., Иманжанов көш., Майкөтов көш. | 0,85 |
| 67 | **5 аудан** – 8-март көш., Дружба көш., Мира көш., Поселковая көш., Песчанная көш., Зеленая көш., Степная көш., Базарная көш., Транспортная көш., Пролетарская көш. | 0,85 |
| 68 | **Аварийный пос.** – Шұғыла көш., Дауылпаз көш., Сарыжайлау көш., 1-ауыл көш., .2-ауыл көш., 3-ауыл көш. | 0,85 |
| 69 | Саяжайлар | 0,85 |
| 70 | Гараждар | 0,85 |

*«Жезқазған қаласының елді-мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін*
*аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы» Жезқазған қаласы әкімдігінің қаулысына 2-қосымша*

### Жезқазған қаласының ауылдық елді-мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

| № р/н | Жезқазған қаласының ауылдық елді-мекендерінде салық салу объектісінің орналасуы | Аймаққа бөлу коэффициенттері |
|---|---|---|
| 1 | **Талап с.** – Құрманғазы көш., Болашақ көш., Абай көш., Молодежная көш., Центральная көш., Сейфулин көш., Бектепбергенов көш., Мичурин көш. | 0,85 |
| 2 | **Теректі станциясы** – Алтын Орда көш., Сарыарқа көш., Наурыз көш., Байқоңыр көш., Теректі көш. | 0,85 |
| 3 | **Кеңгір с.** – Әуезов көш., Мира көш., Молодежная көш., Ұлытау көш., Сейфулин көш., Тимирязев көш., Школьная көш., Пушкин көш., Садовая көш. | 0,85 |

COVID-19

# КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫ және ЖҮКТІЛІК




***2019 жылдан бері таралған коронавирус инфекциясы қазіргі таңда күллі әлемнің барша тұрғынын алаңдатқан басты мәселеге айналып отыр. Індетті, оның зардаптарын зерттеп жатқан мамандардың болжамдары сан түрлі. Денінің саулығын, жақындарының амандығын ойлаған әрбір азаматты бұл болжамдар ойландырмай қоймасы анық. Сондықтан, бүгін біз жүктілікті жоспарлап жүрген немесе жүкті әйелдердің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап іздеп көрдік.***

### Жүктілік кезінде коронавирус инфекциясы қауіпті ме?

Covid-19 індетінен зардап шеккен жүкті әйелдер туралы мәліметтер аз. Дегенмен, жүкті әйелдер халықтың басқа санаттарына қарағанда коронавирусты жұқтыруға бейім келетінін жоққа шығармаймыз. Бүгінгі таңда қолжетімді ғылыми зерттеулер тік берілістің болмайтынын, яғни аурудың анадан балаға жүктілік кезінде де, босану кезінде де берілмейтінін көрсетеді. Вирусты жұқтырған аналарда жатырішілік немесе перинаталдық берілістер анықталмаған. Дегенмен, дүниеге келген нәресте өмірінің алғашқы күндерінде вирус жұқтырған болса, оның айығып кеткенін көріп жүрміз.

Бүгінде жүктіліктің бірінші немесе екінші триместрінде пайда болған коронавирустық инфекциясының әйел мен баланың ағзасына тигізген әсері туралы мәлімет жоқ.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, COVID-19 індетінің жүкті әйелдерге әсері туралы ақпарат жоқтың қасы. Бұған вирустың жаңа екендігі себеп. Вирустың қыры мен сырын күн сайын зерттеп жатқан ғалымдар алдағы күндері толық картинаны жасайды деген сенім бар.

### Жүктілікті бақылау қалай жүргізіледі?

SARS-CoV-2 өршуі қарсаңында ауруханалар инфекцияланбаған жүкті пациенттердің, сондай-ақ коронавирусты жұқтырған пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үнемі жаңартылып отыратын және қайта қаралатын жаңа хаттамалармен жұмыс істейді. Сондықтан да, медициналық персоналға, олардың ұсыныстары мен тағайындалған консультациялық бақылауларына толықтай сенім артуға болды, өзіңіздің де, балаңыздың да денсаулығына алаңдауға негіз жоқ.

Медициналық орталықтың қызметкерлері қажет болған жағдайда жүкті әйелмен қашықтан байланыс орнатып, дәрігерлік кеңес пен нұсқаулыктр бере алады.

COVID-19 жұқтырған айы мен күні жетпеген әйелде инфекцияның жеңіл белгілері бар болса үйде 14 күн оқшаулануы қажет. Әйелдің денсаулығы сыр бермесе кезекті акушерлік бақылауға оқшаулану уақыты аяқталған соң баруға мүмкіндік бар. Дегенмен, науқас жүкті өзін емдеуші дәрігермен ұдайы байланыста болып, нұсқаулығын орындауы аса маңызды.

### Қандай жағдайда жедел жәрдем қызметін шақыру қажет?

Жедел жәрдем қызметін шақырмас бұрын науқас өзінде төмендегі белгілердің бар жоғын анықтауы қажет.

Егер сізде қызба, жөтел, ентігу немесе жалпы ыңғайсыздық болса, сіз өзіңіздің осы симптомдарыңызды көрсете отырып, жедел жәрдем қызметінің көмегіне жүгінуіңіз қажет. Ол өз кезегінде сізге әрі қарайғы әрекеттердің тәртібін ұсынады. Ауруханаға жатқызуды қажет етпейтін жеңіл жағдайларда 14 күн бойы үйде оқшаулану керектігін есте сақтаңыз.

Алғашқы медициналық көмек алу үшін амбулаторияға, дәріханаға немесе ауруханаға бару ұсынылмайды.

### КВИ анадан балаға беріле ме?

COVID-19 инфекциясының анадан жатырдағы балаға берілетіні және Коронавирустың ұрықтың дамуына әсер етуі әлі дәлелденбеді. Сондықтан, індет жұқтырған анадан туа біткен аурулары бар бала туады деп болжау қателік.

Қазіргі уақытта зерттеулер жүргізілуде, сондықтан жүкті әйелдер өздерін коронавирустың әсерінен қорғау үшін тиісті сақтық шараларын қолдануды жалғастыруы керек. Жөтел, ентігу немесе жалпы ыңғайсыздық сезілсе, дереу медициналық көмекке жүгінуі қажет.

### КВИ анықталған жағдайда босандыру қалай жүзеге асады?

Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасы қауіпсіздікті сақтай отырып, барлық сау жүкті әйелдерге қызмет көрсетуді жалғастыруда. Сонымен қатар, аталған медициналық мекеме Covid-19 инфекциясына күдікті немесе анықталған жүктілерге де қызмет көрсетеді.

Егер ананың басқа асқынулары болмаса, COVID-19 инфекциясы жүктілікті тез арада тоқтатудың көрсеткіші емес. Босандыру уақыты мен тәсілі ананың жай-күйіне, жүктілік мерзіміне және акушерлік жағдайларға сәйкес жеке тәртіппен айқындалады.

### SARS-CoV-2 коронавирусы бар ана баласын емізе ала ма?

Бұндай жағдайда баланы емізу немесе емізбеу туралы нақты ұсыныс беру қиындау. Өйткені, дәлелденген нақты деректер жоқ. Дегенмен, мамандар кейде сүтінің артықшылықтарын алға тартып, SARS-CoV-2 коронавирусына қарсы күресте ана сүтінің пайдасы бар деп отыр. Мамандар ананың бойындағы антиденелердің балаға берілуі мүмкін деп отыр.

### Үй карантинінде болған жағдайда нені ескеру қажет?

Науқас отбасындағы жақындарын індетті жұқтырудан сақтау үшін келесі талаптарды орындауы шарт.

Науқас үйдегі басқа адамдардан оқшаулануы керек. Ол үшін бөлек бөлме де жарайды. Мүмкін болса отбасының өзге мүшелерінен дәретхана мен жуыну орнын бөлек пайдалану. Маска кию міндетті. Масканы басқа адамдармен бірдей бөлмеде болған кезде қолданыңыз. Қанмен, шырышпен немесе басқа адам денесіндегі сұйықтықтармен байланыстағы адам міндетті түрде маска, халат және бір рет қолданылатын қолғап киюі керек. Содан кейін қолды сабынмен жуған дұрыс. Үйді жиі тазалап, желдетуді де әдетке айналдыру шарт. Негізінен ыдыс-аяқтарды, есік тұтқалары мен құлыптарын, компьютер, телефондар және ванна бөлмесін таза ұстап, залалсыздандыру қажет.

### SARS-CoV-2 вирусын жұқтырып алмаудың жолдары

Коронавирусты жұқтыру ықтималдығын азайту үшін келесі шаралар орындалуы керек.

Қолыңызды сабынмен, спирті бар ерітінділермен жиі жуыңыз. Мұны қоғамдық орындарға барғаннан кейін және басқа адамдармен байланыста болған кезде жасау өте маңызды. Бетіңізге қолыңызды тигізбеуге тырысыңыз, әсіресе ауыз, мұрын және көзді ұстауға болмайды. Қажет жағдайда бір рет қолданылатын майлықтарды қолданыңыз. Жөтелгенде немесе түшкіргенде, аузыңыз бен мұрныңызды шынтақтың ішкі жағымен жабыңыз. Одан кейін қолыңызды дереу жуыңыз. Тамақты, ыдыс-аяқты немесе басқа жеке заттарды бөлек пайдаланған жөн.

Тыныс алу жолдарының аурулары белгісі бар адамдармен тығыз байланыста болмаңыз.

Әр медициналық мекеме жүкті және гинекологиялық науқастарды қабылдау үшін жеке кіру есігі барын еске саламыз.

**Зарина ҒАЛЫМЖАН,**
**«Тильман» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының акушері**

МЕКТЕП ХАБАРЫ

# ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТТЫ

***Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жаңа жобаларының бірі «XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры!» оқу сауаттылығы апталығы жалпы білім беретін мектептерде жүзеге асты. Апталықтың мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, өзіндік шешім қабылдай алатын, кітапқұмар, сауатты да белсенді оқушыны қоғамға бейімдеу болып табылады.***

Оқу сауаттылығы – жаңаша оқыту үрдісі. Оқу сауаттылығы апталығы аясында түрлі форматта іс-шаралар жүргізілді. Апталықтың алғашқы күнінде 5-7 сыныптарда «Мен елімнің ертеңімін!» тақырыбында сынып сағаттары, 8-9-сыныптарда «Жалынды жастар – жарқын болашақ» сурет, бейнероликтер дайындау байқауы, 10-11-сыныптарда «Жаңа ғасыр жастары» монолог оқу челленджі өтті . «Функционалды сауаттылық – тұлға қалыптастырудың жаңа жолы» тақырыбында қамтылған екінші күні қызу іс-шаралармен басталды.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» kahoot тестке 5-7-сынып оқушылары белсене қатысты. Уақытпен тез, ұшқыр жауап беруде жүйріктер алға шықты. Ы.Алтынсариннің «Білгеннің пайдасы» әңгімесі бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыруда 5-7-сыныптар бестік диктант жазды. Шағын шығармашылық диктанттардың бірі – «Бестік» диктанты. Бестік диктант моделі: Сөз – сөйлем – сұрақ – жауап – түйіннен, диктант әдебиеттен оқып жатқан тақырыппен байланысты болатыны түсіндірілді. Оқу сауаттылығы бойынша «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» 8-9, 10-11-сыныптар Offline , online форматында тест алынды. Эссе жазу байқауына 8-9, 10-11-сыныптардан 19 оқушы қатысты.

Оқу сауаттылығы апталығының ерекшелігі – «Кітап – өмір ұстазы» айдарымен берілген іс-шаралардың маңыздылығы. Бүгінгі қоғамда кітап оқуға деген ынтаның төмендеп кеткені жасырын емес. «Кітап – өмір ұстазы» бөлімінде оқушыларды отбасымен кітап оқу, оқылған кітап бойынша видео-ролик жасау, қойылым, буктрейлер дайындау, «Кітаппен серуен» квест ойыны, «Буккроссинг» кітап алмасу акциясы, «KitapFest» фестивалінің ұйымдастырылуы – кітап оқу дәстүрінің жаңғыра түсуіне, рухани дүниетанымымыз кеңеюіне үлкен тағылымды, мәнді іс болды. Мектебімізде өткен «Оқу сауаттылығы» апталығына барлық сынып жетекшілер, оқушылар, ата-аналар белсене атсалысты. Апталықтың жабылу салтанатында әр іс-шараға белсене қатысып, ойындар мен сайысқа, байқауларға қатысып, жүлделі орын алған қатысушылар марапатталды.

**Торғын ТҮСІПОВА,**
**№1 орта мектептің мұғалімі**

# ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

Күн сайын ауырғандар санының артып жатқанын естіп көңіліміз жабығып қалатыны рас. Кеше ғана көз алдымызда жүрген адамның бүгін жер қойнына тапсырылып жатқанын көргенде көңіліміз жабырқап, өмірдің қамшының сабындай ғана қысқа екенін мойындамасқа шараң қалмайды. Санамызға сіңген салттан әлі ажырай алмай жүрміз. Ауру күшейсе де көп адамдар түрлі басқосулардан бас тарта алмай жүргенін білеміз. Дүбірлеген той-томалаққа бару басылғанымен шағын жиын, шеке мен омыртқа мұжу азаймай тұр. Соның алдында өзіммен қатар қарт-құртаңдар жүргені тіптен өкінішті.

Мен қазіргідей кезеңде кісі қарасы көп жерге барғанды жөн көрмеймін. Бармаймын да. Себебі өзім үшін болмаса да, үйдегі бала-шағаның денсаулығы үшін алаңдаймын. Бастысы – солардың денсаулығы. Мен – қазір Кеңгір елді-мекеніндегі ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Соған қатысты жиналыстарға барынша сақтық шараларын сақтап, қатаң тәртіппен барып қайтамын. Одан кейінгі уақыттарда үйде болғанды құп көремін.

Қазір той-томалақтан бұрын күнделікті жауапкершілікті де естен шығарып алғандаймыз. Мысалы, кез келген азық-түлік дүкеніне бара қалсақ іздеріне шұбыртып балаларын ертіп алған тұрғындарға кездесеміз. Әрине, әркім өз баласына өзі жауапты. Не дегенмен мына заманда ауру қаупін ескеріп өмір сүрсек абзалырақ болар еді. Себебі, қауіпті вирус кісі көп жерде көп болады. Кез келген сау адам болсын, ауру адам болсын азық-түлік дүкенін жағалайды. Бір коронавирусқа шалдыққан науқас кем дегенде екі адамға ауру таратады. Ал енді өзіңіз де бағамдай беріңіз. Дүкен мен супермаркеттерге күніне қаншама адам аяқ басатынын...

Мен әр атқан таңыма Аллаға шүкір етемін. Жақында ғана 80-нен асқан жақын таныс-туғандарымнан айрылып қалдым. Алланың берген ғұмырын жасады дегенімізбен, пенде жақынын ажалға қимайды екен. Олар да осы тәжтажал кесірінен келмеске аттанды. 2-3 күн ғана ауырды. Міне, енді сағына еске алудан басқа амалымыз жоқ.

Қымбатты замандастарым, балаларым, денсаулығымызға бей-жай қарауды қояйық. Себебі біз сақтанбасақ, ауру азаймайды. «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» дейді емес пе?! Келер күннен асқақ үміт пен жарқын сенім күткен ұлтпыз, қаншама қиындықты бастан өткеріп, қарсы тұра білген елміз. Бұл да өтер, кетер. Күн сайын «Көбі кетіп, азы қалды» деп айтып отырамын. Осы сөзге сенгім келеді. Сенуден басқа амалымыз да жоқ-ау. Өздеріңіз білесіздер, екпе де егілгелі жатыр. Оның күші де айрықша болады деп үміттенеміз. Неде болса, отбасымыз аман, бауырымыз бүтін болсын!

**Оразбай АРЫСТАНБАЕВ,**
**еңбек ардагері**

# ВАКЦИНА САЛУ МАҢЫЗДЫ

***Дүниежүзі ғалымдарының медицина саласындағы ең биік жетістіктерінің бірі және бірегейі – ауруларға қарсы жүргізілетін екпелер (вакцинация). Осы екпелердің арқасында жер бетіндегі адамзат өміріне зор қауіп төндірген шешек ауруы жойылды. Сондай-ақ сіреспе, сал (полиомиелит), қызылша сияқты жұқпалы аурулардың таралуын бәсеңдетуге де қол жеткізілді.***



Ал бүгінгі күннің өзекті мәселесі – ол коронавирус. Өткен 2020 жылдың наурыз айынан басталған бұл індет салдарынан елімізде талай адам ажал құшты. Сондықтан да аурудың алдын алу мақсатында бұл күнде, COVID -19 екпесіне деген зор қажеттілік туындауда.

Бұл орайда, шетел мемлекеттерімен қатар Ресей және Қазақстан ғалымдары да өз екпелерін шығаруды қолға алды.

Осы жылдың ақпанынан бастап біздің елімізде де Ресейде шығарылған Гам-КОВИД-Вак «Спутник V» екпесімен егу жұмыстары басталмақ. Бізге мәлім жәйт, Ресейде екпені зерттеуге 18 мыңнан астам еріктілер қатысып, тиімділігін дәлелденген. Оны бүгінде 50-ге жуық мемлекет сәтті қолдануда.

Біздің Жезқазғанда бұл екпені салу науқаны 15 ақпаннан басталады. Қазіргі таңда аталған маңызды шараға қаламыздың медицина қызметкерлері қызу дайындық үстінде.

Айта кетерлік жәйттің – бірі екпе жұмыстары халыққа тегін түрде, яғни 18 бен 60 жас аралығындағы азаматтарға кезең-кезеңмен іске асырылмақ. Вакцинамен кімдер егіледі?

Бірінші кезеңде екпе коронавирустік инфекцияны жұқтыру қаупі жоғары медицина қызметкерлеріне егіледі.

Екінші кезеңде жалпы білім беретін мектептердің, арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарының педагогтерін, бірінші кезеңге кірмеген медициналық қызметкерлері екпемен қамтылады.

Үшінші кезеңде мектеп-интернаттардың, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтері, студенттер мен созылмалы аурулары бар адамдарға екпе салынатын болады.

КВИ-дің өткір және симптомсыз түрімен ауырғандарға, жүкті және бала емізетін әйелдерге, аллергиясы бар және созылмалы ауруы асқынған адамдарға екпе салынбайды.

Қорыта айтқанда, екпе бізге ауруды төмендетіп, өлімді болдырмауға жол ашады. Сонымен қатар халық арасында қарым-қатынасқа шектеу туғызбай, қалыпты өмір сүруге мүмкіндік береді.

**Нұрлығайым ЖӘНІБЕКОВА,**
**«Тильман» отбасылық-дәрігерлік орталығының дәрігері**

